

2017.01.12. 10:12
A 32



Толғанай Айтболатқызы

*Толған ай — тұттар, жыр — жүрек
жыр жинақ*

Tolganai Aitbolatqyzy

Tolgan ai - tumar,

jyr - jurek

Толғанай Айтболатқызы

Толған ай - тұмар

жыр - жүрек

жыр жинақ


ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-5
А32

«Толған ай - тұмар, жыр жүрек» атты балауса жырларым топтастырылған жинақтың шығуына демеушілік танытып, қол ұшын бергені үшін «Нова Цинк» ЖШС-нің бас директоры Асан Сүйіндік Юржанұлына және Шет ауданының әкімі Жандәулетов Марат Жандәулетұлына алғысым шексіз.

А-32 Айтболатқызы Т. / «Толған ай - тұмар, жыр - жүрек» - Қарағанды: Тенгі Ltd, 2019. - 155 бет.

ISBN 978-601-7950-44-6

Жинаққа ақынның түрлі тақырыпта жазылған өлеңдері топтастырылған. Оның ішінде туған ел, ана, тақырыбында және махаббат пен шынайы тілекке құрылған өлеңдер бар. Шынайы сезімге толы жауһар жырлар бал дәуреннің әдемі суреттерін көрсете білген. Поэзия атты әлемге енді қанат қаққалы отырған жас ақынның алғашқы тұсаукесер жинағы деуге болады.



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-5

2019 жыл

ISBN 978-601-7950-44-6

© Айтболатқызы Т., 2019

АЛҒЫ СӨЗ

«Бисмилләхпен сөзімді бастағаным -

Имандылық жолынан аспағаным.

Жақсы сөз бен имандыны жақын қылып.

Харамдарды қудалап тастағаным» деп бастапты әдебиеттен үміткер талапты жас тырнақалды туындыларының басын. Қазақ қызына тән иба мен имандылық ұшқын атып тұр. Өлеңдерінің көбі Отан, туған жер, махаббат, достық, ана тақырыптарына арналыпты. Сағынышпен көмкерілген іңкәр сезімдер қылаң беретін тұстары да аз емес. Адамзаттың бәріне ортақ жалғыздық дерті Толғанайды да айналып өтпепті. Ондайда өзімен өзі жеке қалып, жыр жазатын болуы керек. Өйткені, оның өмірге жаңа қанат қаққан балауса жырларынан бастан кешкен әр түрлі сезімдері мен көңіл күйін байқауға болады. Жан-жүрегінде не болса, соны лақ еткізіп өлеңге төге салады. Көріп-білгені мен сезінгенін жырға тізіп, ой ұшқынын өзінше маздатады. Жабырқау мұңнан көрі, жігерлі шумақтар көп ұшырасады.

«Жырларыммен сусындатып жер бетін,

Аштым мен де жыр-әлемнің бір бетін.

Адам боп кеп өмірге, солай қалу -

Менің жасар абыройлы міндетім» дегенінен-ақ талапкердің алысқа көз тігуді мұрат тұтқанын байқаймыз. Үйреншікті жолдар десек те, екінің бірі батылы жетіп «жырларыммен сусындатып жер бетін» деп айта бермейді. Олай сөйлеуге де іште бір от жату керек шығар. Оның үстіне өзі нәзікжан болса.

Жоғарыда айтқанымыздай, Толғанай көрген-білгені мен сезіп, түйсінгенін ой безбеніне салып, көңіл елегінен өткізгенімен, жазуға келгенде, «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп», жал-құйрығын тарап жатпайды. Жалт еткен сезімді жанып тұрған қалпында жеткізген де керемет, әрине. Бірақ, өлең болсын, қара сөзбен өрнектелген әңгіме болсын, басты талап - көркемдікте екенін ұмытпаған жөн. Бастан өткен сезімдердің суретін жанды бейнеге айналдыру деген сөз. Көңілдегі көрікті ойдың сәулесі әдебиет атты шексіз кеңістікке сонда жуықтайды. Осы тұрғыдан келгенде, талапкердің өзіне тән өрнек салуға ұмтылғанымен, кемшін соғып жататын тұстары да жегерлік. Оны айтпай кетуге болмайды. Сондықтан, Толғанайдың өлеңдерінен тосын ой, тұтас тіркес, өзгеше мәнер іздеп керегі жоқ. Жас жүректің жанған сезімі мен көңіл ауаны жыр тілінде сөйлегені үміттендіреді. Әзірше оның бар байлығы - дүние дүрмегінен бөлініп, айналаға өзгеше қарай алатын ақындық табиғатында ғана. Алла берген сол қасиетті ұштап, жетілдіру — өз қолында. Жырдан үмітті жасты алда ұйқысыз түндер мен мазасыз күндер күтіп тұр... Көп оқып, іздену керек. Ізденбегеннің бәрі ізсіз кететіні - өткеннің сабағы.

Дегенмен, өлең өлкесінен үміт еткен Толғанайдың ақ қанат көбелек жырларының арасынан іріктеп, таңдап оқығанда, кейбіреуінен көңілге жұбаныш табуға болады.

«...Жолымыз аяқасты, кім білер,

Көшедей қиылыс, бұрылыс.

Қуаныш, мұңымен бір жүрер,

Білсеңіз, бұл өмір - құбылыс.

Дұрысы, ұйқаспен тізілген,
Сезімді өлеңге азық деу.
Сұрланған, қатқылдау жүзімнен,
Білсеңіз, жүрегім нәзіктеу.

Бір жүрек, бір өмір сүретін,
Биіктеу - азамат құныңыз.
Бір қадам кейіннен жүретін,
Білсеңіз... бола алам нұрыңыз» депті.
Әр жағын оқырман өзі оқып, байыптай жатар...

Жәнібек ӘЛИМАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Бұл жыр жинағым Мұхамметжан жиені,
ағам Серік Амантайұлының әруағына арналады

I ТАРАУ

ТАҒДЫРЫМНАН ТАРТУ БОЛҒАН ӨЛЕҢІМ

*Жырларыммен сусындатар жер бетін,
Аштым мен де жыр -әлемнің бір бетін.
Адам боп кеп өмірге, солай қалу
Менің жасар абыройлы міндетім.*

Таныстырайын өзімді

Толғанай -атым, Айтболаттың болам қызы,
Күлімдеген мөп-мөлдір, жайсаң жүзі.
Тәуелсіз ел ұрпағы мен боламын,
Дана, дара әпкелердің қалған ізі.

Түп -тамырым Ақжал деген жерінен,
Нағашы жұрт Қызыларай белінен.
Өршіл рухты жастары бар жасампаз,
Айналдым мен «қазақ» атты елімнен.

Жарық болсын деп тілер болашағым,
Келешекке нық болып жол ашарым.
Білім-теңіз кемесін жүзіп өтіп,
Талай белес бағындырып, әрі асамын!

Жырларыммен сусындатар жер бетін,
Аштым мен де жыр -әлемнің бір бетін.
Адам боп кеп өмірге, солай қалу
Менің жасар абыройлы міндетім.

Бісмилләхпен сөзімді бастағаным..

Бісмилләхпен сөзімді бастағаным...
Имандылық жолынан аспағаным.
Жақсы сөзбен имандыны жақын қылып,
Харамдарды қудалап тастағаным.

Күнде күнде дұға қып Жаратқанға,
Тәубе етіп, таңдарым әр атқанда.
Алланың нұры жаусын деп тілейік,
Иман нұрын маңына таратқанға.

Танды атырыл Фатиха сүресімен,
Түсімде де дұға оқып, күресіп ем.
Тілім жеткен сөздерді айттым дағы,
Ең бастысы жүрегіммен ілесіп ем.

Қиналғанда дұға болды қуат жанға,
Жаратқаннан медет бер деп, сұратқан да.
Аллахтың берері көп, мейірімді,
Көңілімді үмітпен жұбатқан да.

Қолың ұшын бауырым, ұсын жанға,
Тағдыр-сынақ..
Жол таппай қысылғанда.
Тәңір Аллах жар болғын, мәңгі деймін,
Ата-анам, жақындарым-мұсылманға.

Жаңғыру бұл...

Жаңартатын жарық ойлы, сананы,
Қазақстан - өркениет алаңы.
Жаңа атқан таңдай болып жетті ме
Бұл Рухани жаңғырудың ғаламы.

Мақсат- біреу, бағыт - айқын бәрінде,
Үндеу қосу -елім деген әр үнге.

Жандануда бұл жаңғыру барынша,
Ұлттық белгім- күйім, жырым, әнімде.

Қосыламыз 30 елге дамыған,
Қазақ елі тәуелсіз ел бағынан...
Ата- баба көрегендік жолымен
Білген бәрін ең әуелгі шағынан.

Жаңғырудың орта жолда қалмасын,
Сезеді әлі қазақ деген жан басым,
Мақсатымыз - жаңа жолмен жаңғырту
Тәуелсіздік кезеңінің жалғасын.

Жаңғырудың басты шарты конымды,
Тану жолда оның менен солынды.
Сақтай білу тарих тұнған, сыр толы
Қазаққа тән Ұлттық сана, кодымды.

Қазағыма арналатын сый күллі,
Бағдарлама жасалуда «сиқырлы»...
Ең озығы, «Үштілділік білім» мен
Даму жолы - «Қазақстан Цифрлы»!

Прагматизм - өз жеріңді бағалап,
Төл тарихты сақтау бізге аманат!
Сән- салтанат орынына орынсыз,
Ең қажеті - үнемшілдік, қанағат.

Патриотизм - ата-жолын қуған ерде,
Ұлылығын ұлықтар думанды елде.
Жаңғыру бұл - қасиетті мекенің
«Туған жерден» ұласар «туған елге».

Құнын білу мыс пенен кендеріңнің,
Шексіз дала, қырат пен белдеріңнің.
Жаңғыру бұл - бастауы құндылық пен
Қазақстанның киелі жерлеріңнің.

Мәдениетті дүние жүзі, ел көруде,
Әлемнің бар мейлінше шеңберінде.
Жаңғыру бұл - ескіні жаңашалау,
Әліпбиді латынша меңгеру де.

Аспандатып тұлғасын бес іргенің,
Қалсын мәңгі деп тілеп есінде ерім.
Жаңғыру бұл — ұлықтау, ұлағаттау,
Қазақстанның 100 жаңа есімдерін.

Мақсаттардың өткеріп сынды өткелін,
Ел бағына қондырып шың кептерін.
Мен қашанда дайынмын орындауға
Бұл Рухани жаңғырудың міндеттерін.

Мейлі қадам толы болсын сан күдікке,
Атқызатын жалғаумен таңды үмітке.
Қазақстан - мәдени, рухани да
Жаңғыруын тоқтатпасын МӘҢГІЛІККЕ!

Шет өлкесі- шежірелім, киелім!

Құшағында мені өсіріп, тербеткен,
Қасиеттіге баламаған ел тектен.
Тау-тасы мен бұлағына сөз жетпес,
Туған жерім, кереметсің сен неткен!

Төскейінде сәйгүліктер жарысқан,
Ақ бұлттарың желмен ойнап, алысқан.
Зәулім, биік шыңдарыңда сыр жатқан,
Тауларың да көзді арбайды алыстан.

Жаздың сыйы- жайқалады құрағың,
Жарқыраған жұлдызы көп түні ағын.
Үнсіз ғана күлім қаққан қыздайын,
Сылдырайды мөлдір, тұнық бұлағың.

Мекен еткен асылдардың сынығы,
Батырларды туған өлке, тұғыры.
Қатар тұрып көк нұрымен сырласқан,
Қос биігім- Тағылы мен Бұғылы.

Бұл заманның жақсысы мен жаманын-
Зар заман деп жырлап өткен қаламын.
Киесі бар , «қияға қанат самғаған»-
Шортанбайдай жырау жатқан даланың.

Ақын -жырау ғасыр жырын өрнектеп,
Азаттықтың атар таңы келмек деп,
Жауһар жырлар жазған Қасым, Маясар,
Жәке, Қақпан, орақ ауыз Ақтентек.

Ақыл-нақыл орын алған ел іші,
Кісілік пен кішіліктің белгісі-
Жанқұтты би, Байсейіт пен би Қара
Батырлардың найзасымен тең күші.

Ел басына күн туғанда ерлеген,
Елдің бағын жаудан қорғап, бермеген,
Сеңкібай мен Деріпсалы, Бөрі мен
Байғозыдай болған батыр-ер деген.

Ел билеген көсем, шешен, нар тұлға,
Жарылғаптай батыр болған халқыңда.
Тағылымды сөз қалдырған бұл батыр,
Керней атты рудан шығып, артыңда.

Жан алысқан, сақтап елдің теңдігін,
Бостандығын арман етіп, елдігін.
Ұмытпайды қазақ елі ешқашан
Шұбыртпалы Ағыбайдың ерлігін.

Күйлерімен сусындатқан даласын,
Халқы берген сол өнердің бағасын.
Әбікен мен Қыздарбектей күйші бар,
Шет ауданы мақтан еткен баласын.

Ғылым жолда аямаған білімін,
Бағындырған сан тараулы ғылымын.
Шәрбан апай, Ақылбаев Жамбылдың,
Ізденіс пен мол мұрасы ұлы мың!

Ақын менен жазушының ұясы,
Нағыз шабыт, өнердің бұл қиясы.
Талай дара, дана туған бұл өлке,
Қаламының кеппеген еш сиясы.

Ерлік ағты мұра қылған өнеге,
Болған батыр ата- бабам көнеде.
Елдің ұлы ерге лайық сыр жатыр,
Батыр Баян жерленген сол төбеде.

Қайсарлық та, өрлік болған тұлғада,
Жеткен жасы ғасыр болға жылға да.
Батырлығы аян болған әлемге.

Жидебайдай бабам жатқан бұл дала.

Тарих жазған, тар жол тайғақ кешкенді,
Жырға қосып, қазақты да көшпенді.
Кім білмейді Сәкендейін ұлы бар
Кең құшақты, жазиралы Өспенді.

Нұры көктен себелейгін жауында,
Көңілі мәрт келген қонақ, қауымға.
Талай жыр мен ән тудырған киелі,
Қасиет көп бұл Аюлы тауында.

Шеттің жері- туған жерім, өз елім,
Ел дегенде елжіреді өзегім,
Сарқылмасын көнекөзді байлығым-
Қызылқой мен Нұра атты өзенім.

Мұқалмаса әлі де осы қаламым,
Сырын жазам, жырын жазам даланың.
Арқа төсін алып жатқан кең өлке,
Қасқайғырда туып-өскен баламын.

Көкейімде жырдың дәмі бар шақта,
Кете алмаспын туған жерден алшаққа.
Туған жердің кереметі еш бітпес,
Қанша ән мен жырға қосып жазсақ та.

Жаза берсе құралады жыр қалың,
Өнерлі де батыр қыз да ұл ғалым.
Тарихта алтын әріптермен жазылар,
Шет ауданын мекен еткен тұлғаның.

Еңсем биік зәулім менен асқардан,
Қуатым мол жауған нұрлы аспаннан.

Ғажайыбы бізді туған өлкенің,
Аюлы-Ақсу мекенінен басталған...
Шет өлкесі -шежірелі, киелім,
90 жылға тарту болсын, сый елім!
Туған жерім- абырой асқақ, алдаспан,
Мәрттігің мен кеңдігіңді сүйемін!

Жырауларша...

Жырлайын мен де ендігі
Жалғаумен ізін бабаның.
Жан бітіп, тулай жөнелді,
Қолыма алған қаламым.
Мынау бір жалған дүниеде,
Өзгеріп барады адамың.
Арамдық толған ішінен
Адасып басқан қадамын.
Бәріне күйе жағылмас,
Табарсың, іздеп адалын.
Саудагер қарыз бергенге,
Зорғысын айтып табаның.
Есерің алар жазасын,
Мөлшерін білмей шаманың.
Ашкөздер жүр ғой арада,
Қалдығын сарқып саманың.
Қазақ боп білмей тіліңді,
Жүргенің сөзге күрмеліп,
Сол шығар, қазақ, жаманың.
Тыныштық кетер, бірлігің,
Қытайлар жатса бүгінде,
Жаулап ап жердің қамалын.
Қыздарың шығып жат елге
Аралас ұлтты болғаны


Жақсы ма бала-шағаның,
Қазақтың жерін бөле алмай,
Қырылғаны өз ішінен,
Жақсы ма іні-ағаның.
Түріктен болған тектілік,
Қалдырған ерлік үлгісін,
Тоныкөк. Білге қағаның.
Солардан келген қайсарлық,
Бүгінде құнсыз ер аты
Арзаны сынды бағаның.
Билікте жүрген кей «аға»
Пайдасы үшін басының
Біледі кімге жағарын.
Желініп жатса ел қоры
Жарлыға тағар кінәні,
Білместен кімге тағарын.
Сыртыңнан келген дұшпаның
Жаулап та барад(ы) ақырын,
Елімнің қала, шаһарын.
Дінсіздік, лаңкес, жауызың
Қаншама қанды төккізіп,
Шақырды Алла қаһарын.
Ұрлыққа түсті ұлдарың,
Оңай бір жолмен жандарын
Білместен қалай бағарын,
Түн кезді қыздар қаракөз,
Ысырып ұят-намысты
Саудаға салып ақ арын.
Әй, бірақ ,қазақ бауырым,
Білеміз анық күннен соң,
Күннің де барып батарын
Қараңғы жапқан түннен соң,
Жақсылық сыйлар және де
Қызарып таңның атарын..

Сауданың несі ырысты,
Арамнан болып келсе егер
Нәпақа тапқан сатарың.
Құлдыққа жегіп қинама,
Тамырың болса адамнан,
Ойыншық санап жат арын.
Қазақ боп туған ер болсаң,
Кең жерің- туған мекенде
Болсыншы үйір, отарың.
Мұсылман болсаң иманды
Шариғат қарсы некесіз
Болмасын қостан тоқалың.
Іңгәлап қоқыс, балшықта,
Сәбилер жылап жатпасын,
Көзіндей мөлдір ботаның.
Жаһанға атын таратқан,
Әлемді сөзсіз қаратқан.
Жар болған жалғыз Жаратқан
Болсыншы аман ОТАНЫМ!!!

Астанаға арнау

Астананың шамдары
Жарқырасын! Жансын!
Бәйтеректей заңғары.
Мен шырқаған әнсің.

Қазағымның даңқын
Асқақтатқан Астана!
Көркейе бер әр күн-
Шалқып жатқан Астана!



20 жасқа толған
Астана -ару қаласың
Ел қаласы болған
Сарыарқалы даласың

Мақтанамын қашан да
Ақ ордаммен еңселі
Ақмешітім -Астанам
Жырлап өтем мен сені!

Елбасының арнайы
Атап берген қаласы,
Жарқыраған маңдайы,
Мақтан тұтқан даласы.
Өсе берші көркейіп,
Жылдан жылға бұл қала
Жансын шамы жарық боп
Әр көшенде нұрлана.

Астанасы қазақтың,
Өсіп келеді күн сайын,
Түндері де ғажап тым
Күнің күліп түрсе Айың.

Мақтанышы ғаламның
Аңызға атың айналсын!
Мерейтойың ғасырлық
Болашақта тойлансын!

«Мәңгі жырым- Қарағандым»

Жер жәннаты - Қарағанды қаласы,
Еңбек еткен әрбір ұлы, баласы.

Қысы суық, жазы ыстық, аңыздық жел,
Неткен дала, табиғатқа қарашы.

500- мыңдай адамы ұйып отыр,
Қонақжайлық дәстүрмен сыйып отыр
Қараған мен тобылғы, сұлыбас шөп,
Жазығындай жасыл шапан киіп отыр.

Жер бетінде күңгірт тартқан топырақ,
Қарағанды көмірлі өлке, атырап,
Жасыл жазық, жайлауымен, суымен,
Жатқан алып Сарыарқаны жарқырап

Менің туған қалама сөз жетпейді.
Сұлулығы, пах шіркін, көз жетпейді.
Қай қаланың шахарларын көрсем де
Қарағандыға деген ойды өзгертпейді.

Соқса дағы жазықтардан салқын леп
Шығып жатыр қойнауынан алтын көп.
Ел ағасы Елбасының еңбегі.
Ешкімнен де кем қалмасын халқым деп.

Қарап көрші Қарағанды күмбезіне,
Бойлап жатқан мұнарасы күн көзіне.
Қайсар қалам қасиетті шанырақ
Қуантумен тартатты әркімді бір өзіне.

85 жылдық тарихы бар қаламның,
Ғажайыбы толған өлке, даламның,
Магистралі атанатын ендігі
Көздің жауын алып сонау ғалам мың.

Кенді өлке, сан ғажайып әлемі
Қарағанды- әншілердің әні еді.
«Қарағанды кәмпиттері», «Қарағанды-нан» орны
Сенің бейнең осылармен әдемі.

Күн сайын мың сан тонна көмір беріп,
Жаңаруда реңімен өңір көрік.
Ел басқарған ағаларға мың алғыс
Жүрген біздің қалаға көңіл бөліп.

Бұл олардың жомарттық белгісі ме?
Әлде көңіл толған ба кен ісіне?!
Дәл осындай шахардың жайнауы да
Қарапайым халық пен ел күші ме?!

Менің жерім -Қарағанды ер еңбекті.
Ғимаратпен ұштасқан көрем көкті.
Жыл сайын жасына жас қосып жатқан
Қаламыздың тарихы тереңдепті.

Ғимараты аспанмен көк тірескен,
Жасыл шөбі күн көзімен бойлай өскен.
Көліктері ағып жатқан сарқырама
Адамдары жылжуда қалмай көштен

Әлде біздің таза мөлдір бұлақ па?
Сағынамын жүрсем дағы жырақта.
Туған өлкем күмбезді-Қарағандым
Өзің ғана лайық қала бұл атқа

Әр сөздің де тобықтай түйіні бар,
Бұл қаламыз өзгерлер сүйіп, ұнар.
Орталықта өсуде патриоттар
Туған жердің осынша сыйын ұғар.

Неткен ғажап, неткен сұлу, көркемсің,
Қара алтынды қойнауыңнан бергенсің.
Аты аңызға айналған осы шахар
85 жыл тарихты да көргенсің.

Жасай бергін сұлу қалам, ғұмыр асып,
Өзіңе ару қыз бенен ұлың ғашық.
100 жылдығың тойлансын алда енді
Мәртебеңмен алдаспан тұғырға шық.

Мен сені жырға қосқан дүлділіңмін,
Жауқазыны мен болам қыр гүліңнің.
Ештеңе де тең келмес , теңеспейді
Сенде өткен қызықты бір күнімнің.

Қарағандым- болса да сыйым бөтен.
Мен сенің әр талыңды сүйіп өтем.
Құтты болсын, мерейтой, ару қалам
Мен басымды өзіңе иіп өтем!

Ақжалым- құт толы мекенім

Туған жердің желі мені тербетеді,
Көк майсасы қойды да егіз төлдетеді.
Шетелдіктер көз салған бағалы ғой
Ақжалымның мырышты, кенді етегі.

Қариясы жиналатын күн бата,
Асыр салып қыр баласы шаңдата.
Мамыражай ауыл кеші көңілді,

Күйге енеді гүл көмкерер қыр жота.

Қасқайғыр деп аталған жер тегінде,
Бұлт шалмаған аспаны бар көгінде.
Батырлық пен рухшылдығы қанда бар,
Керней баба ұрпағында, елінде.

Жомарт пейіл, қолы ашық халқының,
Еңбекқор боп таппайды еш жан тыным.,
Ақжалымның кереметі сол болар,
Шығаруда мыс, мырышын, алтынын.

Топырағынан талай дүлділ түледі,
Туған жер деп соққан адал жүрегі.
Спортшысын да, ақынын да, күйшісін,
Күллі әлем таниды да біледі.

Жер жетпеген кең өлкем, дархан далам,
Саған деген сағынышым тарқамаған.
Дәл осындай топырақтан нәр алған соң,
Күнә болар өзінді мақтамаған.

Ақының боп қалай жырға қоспайын,
Мен болайын тамыр жайған жас қайың.
Тереңімнен бастау алса өнерім,
Жыр жазуды сенен өлкем бастайын.

Болмаса да қыз басымның тұрағы,
Маған тарту әкеледі жыр әлі.
Мен шалғайда жүрсем де өздік тірлікпен,
Бір бүйірім саған тартып тұрады.

Бір өзіңсің жатқа мақтан етерім,
Маған мақтау сенде туған екенім.

Тізем бүгіп, топырағыңнан нәр алған,
Қасиетіңнен айналайын мекенім!

Әлі-ақ алда Ақжал өлкем тұрса аман,
Өтеуіне шашу жасар жыр санам.
Мені әрқашан перзентім деп күтетін,
Туған жерім не жетеді бір саған!

Текті ұрпақтан боламын, сұрасаңыз

Текті ұрпақтан боламын, ері батыр,
Ақтоғай мен Бектауата -елі батыр.
Күш сынасып, қол күрес болмаса да,
Сөз күреске сынатып, мені шақыр.

Ғасыр ғұмыр жасаған батыр бабам,
Жау жағына тайсалмай, жақындаған.
Ері тұрмақ, қыздары батыл келген,
Бір мен үшін мақтан шын атың маған.

Әлтеке, Жидебайдан болады әкем,
Сол бабадан бойға күш қонады екен.
Зиратыңа ұрпағың құран оқып,
Жебей жүр деп батанды алады екен.

Сарыарқадай жерге теңеу таба алмаған,
Жидекендей ерге теңеу таба алмаған,
Тарихтағы жазылған есіміңді,
Білмеген жан қазақ деп саналмаған.

Менің елім -Әлтеке деп мақтанамын,
Жеті атамды білсем деп жаттағаным.
Әлтеке, Жидекеннің ұрпақтары
Бауырларым есінде сақта бәрін.

Арман алдамайды

Мен күттім осы күнді баяғыдан,
Сырымның басы-өлең, аяғы -ән.
Мен бәлкім ақын емес додандағы,
Алайды жүрекке жыр сая қылған.

Алыстан көрінген-ді армандарым,
Түсінгендей болам кейде жалған әнін.
Қарт сүйенген таяқтың бойындай ақ.
Ғұмырымда сүйеу бол қалғандарың.

Армандаймын, амандық ені кетпесін деп,
Барлық жанның үйіне беттесін деп.
Ден сау болып, көңілден мұз еріген,
Шақтай болып көктемгі гүл көктесін тек.

Армандаймын, ғұмырым болмай шолақ,
Иә, иә...
Тек жақсылық сұрарым
Аз ақ.. сол ақ.
Бақыт деген мәңгілік төрден орын,
Сайлап алып қалсыншы, болмай қонақ.

Армандаймын,,,
Елім тыныш, жұртым аман,
Болмасыншы қазақ бірін жұлқылаған.
Әрбір қазақ бауырым деп ұрандаған,
Қымбат тілім , дінім мен ұлтым маған.

Құласам да, тисе де жарға басым,
Жазылмаған жүректің жан жарасын.
Құлаш ұрған самғаумен қияларға
Мені жалғыз арманым алдамасын.

Наурыз -көктем

Наурыз келді, көктем келді шуақты,
Қар еріді, жылғалардан су ақты,
Күн нұрының шуағына бөлейтін,
Барша адамды ару көктем қуантты.

Наурыз мейрам мереке ғой көлемді,
Тойлайды оны бар мұсылман, ел енді,
Артқа тастап қаһар төнген ақ қысты,
Күн ұзарып, күн менен түн теңелді.

Қой жылында Наурыз болсын ырысты,
Ұмытар күн реніш өкпе, ұрысты.
Тек жақсылық еселеумен әкелер
Тойлаңыздар Наурыз тойын-Ұлысты!

Наурыз тойда Ақжал мекен, кеніштің
Ағайынмен құшақ жая, көріскін.
Биыл міне Қазақстан тойлайды,
70 жылдық мерейтойын жеңістің.

Қазағымның салттары бар салар ой,
Наурыз-думан келді бізге бүгін той.
Көктемнің шуағымен ілескен
Құтты болсын кірген жаңа жылың қой!

Бауырларыма

Алыста тұрса да бақыттың кемесі,
Мен соған асыға ұмтылып келемін..
Өмірің, достым-ау бос өтті демеші,
Сабырмен бәрін де бұйырса жеңемін.

Өмірдің сынағы сол шығар бәлім де,
Өтермін олардан мүдірмей, құламай.
Қиындық кезендер өтеді әркім де,
Мен де өтем еңсемді құлатпай, жыламай.

Әкем мен анам бар өмірде тірегім,
Ниеттес үш туған,
Кенже боп жүремін.
Сәулелі нұры да шаңырақ жұлдызы
Тәп-тәтті сіңілім Айша бар -жүрегім.

Бекнұрдай қылықты бар ерке тентегім,
Жалғайтын ағамның болашақ -ертеңін.
Қылығы көз тоймас еркесі бір үйдің
Аспандияр жайлы да бір сырды шертемін.

Демеймін ешқашан бақытсыз екенмін
Жүрсем де мекендеп бақыттың етегін.
Жанымда туғаным тірегім тұрғанда,
Бақытқа бір күні бәрібір жетемін.

Не күндер мұңлы, алмасқан шаттық күлкімен,
Мен емес бірақ, бақыттан қашып үркіген.
Не қиял мені мұңменен дос қып, сыр айтып,
Әр түрлі оймен жылатып әсте сілкіген.

Келеді менің бақытты өмір сүргім-ақ,
Тұрса екен дейін төбемнен әркез күн құлап.
Іштегі сырды ешкімге айтпай, жасырсам,

Бақытты өмір әкеліп береді кім бірақ?!
Іздеген бағым, сүйікті жарым- бір бақыт,
Жанымда жүрсе, алтыннан қымбат бұл уақыт.
Алладан сұрап, жалынып әсте тілеген
Болашақ менің сәбиім жалғыз «гүл-жақұт»

Өмірлік сүйген, таңдаған жарым-сыңарым
Дейді ғой маған : неліктен мұнша жыладың?
Жылайын мейлі, жыламасам да білемін,
Мендегі жүректің бір күні тоқтап тынарын.

Сондықтан менің ана болғым -ақ келеді,
Сезім ғой ғажап, іңгәлап сәби емеді.
Жар болсам адал, аналық бақыт бұйырса
Басқаның маған керек жоқ мүлдем керегі.

Оянған сайын Алламаннан сәби сұрадым,
Ашудан кейде қуыстанып та жыладым.
Сүрелерді де ішімнен үнде қайталайым
Бір Алламан сенің көмектессін деп Құраның!

Тисе екен менің біреуге қолым, көмегім,
Жанымда жақын болғанда бәрін жеңемін.
Қаламым қолдан түспеген жүрек -қағазым
Жырлайды әлі, сенемін әсте, сенемін....

Кешір Ана...

Кешір Ана...
Көз жасыңды төккенім үшін
Ақылыңды тыңдамай кеткенім үшін.
Өмірге дұрыс қарамағаным үшін
Мейірімінді бақытқа баламағаным үшін...

Кешір Ана
Уайымға сені баттырғаным үшін
Ұйқысыз талай таңды аттырғаның үшін,
Сүтінді емес, еңбегінді ақтамағаным үшін
Адалдықтың ақ жолын аттамағаным үшін,
Кешір Ана
Мазасыз өткен түндерің үшін,
Жүрегінді аяусыз тілгенім үшін,
Қорқынышты көңілге ұялатқаным үшін
Бақытсыздыққа белсене сыя батқаным үшін,
Кешір Ана...
Сенімге сенімсіздік қондырғаным үшін,
Жайдары күнде мұңменен тоңдырғаным үшін,
Бақытпен өтетін гүл-ғұмыр өмірінді,
Ақымақтықпен солдырғаным үшін
Кешір Ана...
Маңдай терінді өтемегенім үшін,
Алғысымды білмей қияға жетелегенің үшін,
Алғысқа сені бөлеуге жарамағаным үшін,
Бәріне мұның сабырлықпен қарамағаным үшін,
Кешір Ана...

Мен сені енді қадірлеп өтетініме
Мәңгілік арман-биікке жететініме,
Қалғыған балалық түстен оянатыныма
Өмірімді дұрыс жолға қоя алатыныма
Уәде етем Ана,
Мен сені бақытқа бөлейтініме,
Маған деген үмітіңнің сенбейтініне
Дұрыс жолдан мені ешкім тайдырып,
Алладан бөліп жеңбейтініне
Уәде етемін Ана.
Мен сені шынымен жақсы көретініме
Аналық жолмен артыңнан еретініме,

Ұямнан ұзап, қияға қонатыныма
Адам болып, ақылды болатыныма
Уәде етемін Ана...
Мен еені аңсап. сағынатыным,
Бір апға көрмесем жабығатыным.
Ренжіткеніме өкінетінім,
Бәрін жақсы етем деп бекінетінім,
Бәрі де рас Ана...
Алыстаған сайын іздейтінім,
Балалық еркелікті үзбейтінім,
Даусыңды естісем, қуанатыным,
Барыңа шүкір етіп жұбанатыным...
Бәрі де рас Ана...

Анаға сағыныш

Тынымсыз өмір бізді де адам еткізді,
Өзіңнен айырып, жолын да қиын кешкізді.
Аналық ақ сүтінді ақтай алмасақ,
Анашым! Анам! Мәңгілік енді кеш бізді.

Осылай болған соң жазғаны Жаратқанымның
Көрсете алмадық алғысын бала жанымның.
Алыстап кеткен мейірім толы жанар мен
Сағындық ана жылуын алақаныңның.

Жүректің мұңын, жанардың жасын тыя алмай
Кеттің бе ана маңайдан иіскеп сүйе алмай.
Осынша жылды араға салып жатсақ та
Жүрміз ғой бірақ бақиға сені қыя алмай.

Болғанмен мына өмірде алшақ арамыз,
Қызығын өмірдің кеттің бе көрмей анамыз.
Ұмытпай сенің жүректе тұрған бейнеңді.

Дұғамызды арнап, сағына еске аламыз.

Өзгерте алмас тағдырдың басқа салғанын,
Жаратқан Аллам, аман қыл артта қалғанын
Топырағың торқа , жатқан жерің жайлы боп,
Асыл анам, жәннатта болсын ақ жаның!

Тәуелсіздік құрдасымын мен мына!

Қуаныштың лебі есіп өңімізде,
Аққу еркін қиқулар көлімізде.
Ата- баба аңсаған, армандаған,
Азаттық той орын ап төрімізде

Нар қазағым тыныштықты қолдаған,
Сені жырлау асқан бақыт зор маған.
Қазақ болып туылғаным мақтаныш,
91-де Тәуелсіздік орнаған.

Төрімізден төгілмесін теңдігім,
Еркіндігім, ел еңселер елдігім.
Жаһандағы Қазақстан еліндегі
Тәуелсіздік құрдасымын мен бүгін.

Ғасырлармен жеткізген, бір күнде емес,
Аса берсін асудан, ұлтым, белес,
Тәңір сыйы-тәуелсіздік толғауларын,
Жырлап біту тарихты мүмін емес.

Күн кетпеген көк ашық аспанынан,
Сөз асырмас халықпыз бастарынан.
Желтоқсанның желінде жанын қиған,
Үлгі алайық намысшыл жастарынан.

Шаба берсін сәйгүлік құла атымыз,
Қазақ елі сүйіншіңді сұратыңыз.
Ата-баба ерлігін әрі жалғап,
Тәуелсіздікті ту ету- мұратымыз!

Қазағым, қайсар халық, мақтанамын,
Алға шапсын 25 жыл баптағаның.
Тәуелсіздік тартуыңды қабыл алғын,
Қасиетң шығар менің бақ-талабым...

Қуанышты еселесін жыл, ғасырым,
Азаттық- мақтанышы бір басымның.
Еңсем биік
Әлемге жар саламын-
Мына мен -Тәуелсіздік құрдасымын!

Тәуелсіздік! Тұрақтылық! Тыныштық!

Рух болған басты шоқпар, қарулары,
Мәңгі ерлік - бостандықты алулары
Жанын қиған, қазақтың тағдыры деп,
Еліміздің ерлері мен арулары
Қара бұлтпен оранған Күн астының,
Түк болмаған күйге енді рас бүгін
Желтоқсанның желіне қиып бердін,
Қазағымның бағалы мың асылын.
Салғызған барша жұртты сергелдеңге,
Жазықсыз да, аяусыз тергегенде
Қанында от ойнаған бұл азапқа,
Қазақтай қайсар, өршіл ел көнген бе?
Сезінген кеудесімен қар сықырын,
Білдірген шындық сұрап, қарсылығын

Тыныштығын бұзғандар қалың елдің,
Кереметін сезбеді таң шығының.
Таразыға салғанда жанның құйын,
Сәбиіндей қорғаған дала гүлін.
Қаймықпастан қайтпастан тұрды боздап,
Әділдіктің жарам деп қара қылын.
Иә! Орнағаны әділдіктің туы биік,
Құрметтейміз Отанды, мәңгі сүйіп.
Желтоқсаншыл жастардың ерлігіне,
Тағзым етіп өтемін, басымды иіп.
Желтоқсандық азапты, қалың дақты
Тәуелсіздік дейтұғын жалын жапты.
25 жыл азат та егеменді,
Тәуелсіздіктің күн нұрлы таңы да атты
Өтті кезең, қиындықтан есеңгірер
Қазағымда бар мақтан, есең білер
Азаттықтың ақ жолын салып берген.
Жалғап келед бүгінгі белсенділер
Қазағым деп төгілген алмас қаны,
Желтоқсанның Қайратсыз қалмас мәні
Сол ерліктің арқасы бүгін міне,
Жиырма бес жыл болып жалғасқаны
Тұрақтылық орнады теңдігіне,
Тәуелсіздік тәубе етіп, келді, міне.
Аландағы ел үшін жанын қиған,
Тең келмейді Ерболдың ерлігіне.
Тәуелсіздік күресі деп түсінгені
Келешегін "тәуелсіз" ғып мүсіндеді
Ләззат екен қайсар жүрек қызғалдағым,
Батыр қазақ қыздарының ішіндегі.
Жоғары ұстап ұлтшылдық пен ар жайды
Отанына батыр жанын арнайды
Желтоқсанның ерліктері жырланса,
Сәбираның есімі еш қалмайды.

25 жыл - Жаратқанның сыйы бұл,
Азат жүріп, ешкімге де болмай құл,
Елім деген боздақтарға ерлерге,
Дұғанды да қазақ мәңгі арнай жүр.
Жоқтайды әлі қазақ қызын, жас ұлын,
Ойламаған қамын қара басының.
Тәуелсіздіктің 25- ін тойлаған
Тойлайды әлі жарты да бір ғасырын!
Отанымның әр бір тасы тым ыстық,
Қазақ - жан мен қаны да бір туыстық
Елімізде мәңгілікке орнасын -
Тәуелсіздік! Тұрақтылық! Тыныштық!

Бақыт жолы

Бізді алда бақытымыз күтіп тұр деп сеземін,
Дертім енді табады екен уақытында өз емін.
Мен өзіңмен болу үшін, бақыт үшін өмірде,
Қиындықтың бәріне де шыдаймын да төземін.

Тек сен мені қолдап жүрші әр уақытта түсініп,
Есінде ме жүрген кездер жүрегінді ұсынып.
Мен езіңе айтпаған соң кеудемдегі сырымды,
Көздің жасы тұншығады жанарымда қысылыш.

Бақытым деп мен өзінді Алла алдында танығам,
Шыдаймын деп тағдыр қанша тартса дағы жағымнан.
Өмір бізді бақыт атты кемесінде косса егер,
Тек қана бір Жаратқанның әміріне бағынам.

Аққулар да табады екен айдын көлде сыңарын.
Көрсен дағы тағдыр деген ауыр жүктің сынағын.
Қиыны мен қызығы мол өмір деген кең жолда,
Бақытымызды сөндірмесек бірге жаққан шырағын!

Достық жайлы

Мен білемін..

Достық болар шын, адал,
Болса дағы айналаңнан сын, амал,
Кейде достар себепсізден қауышып,
Кейде бірақ жөнсіз бірін кіналар.

Достық деген бір мен үшін тым таза.
Болса деймін арам досқа мың жаза.
Сырың айтып, жырын бірге жазатын,
Доспен реніш кетіреді шын маза.

Эх достарым...

Бағалайық бар кезде,
Таң да міне атып қалды ай, лезде.
Достық деген шын адалдық болу ғой,
Түсінгенде жатыр үлкен мән сөзде.

Ғұмыр

Ғұмыр...

Мағыналы дейді ғой сезім барда,
Біре арман құратын шағыменен.
Кім білер...
Бақытты едім мен әлде өзің барда
Кетсін мейлі қателіктер тағы менен.

Тағдыр..

Қоса алмаған шығар бізді заңыменен,
Бұйырғанда бұйырып қалмадық па.
Тағы кетті...кетсін қате тағы менен.
Қалғанда аз сәттер қадам сәл бақытқа.

Естеліктер...

Жанды қинар жалғыз ой жаралайды,
Бақыт безіп жанымнан, қашпас қайғы.
Жүрегіміз сөзімізге қарамайды.
Қоштассақ та бірақ олар қоштаспайды.

Соңы шығар...

Ботам менен Нұрыңның жәннатына
Сезім гүлін жолдар енді жиі кім?!
Өзің біліп тақпассың жанға кінә.
Түсінерсің ұмытудың қиынын.

Күндерден не тілек қылайын,
Алладан болсыншы бар ғажап.
Сабыр бер жаныма Құдайым,
Сыйлауда сағыныш жанға азап.

Тыныштал жүрегім, сабыр ет,
Алшысынан түспеді асықтар.
Шеккен ғой сезімнен қасірет.
Қосылмай кеткен ғой ғашықтар.

Мен де бір пендемін

Жүрекпен
Сүйетін, сүйоден мұң тапқан.
Оңалар деген бір үмітпен,
Көз жасын сүргуен құрғатқан.

Сабырым!

Дос болшы, қолың бер.
Қылмайын сезімге мен кесір.
Адамдар күтіндер, көріндер,
Менде де той болар көл-көсір!

Сен аман бол, арманы асқақ ардағым

Аялайтын, ұсынумен бар бағын,
Жалықпастан ашқан тағдыр тармағын,
Сен аман бол, жарық берер жаныма,
Арманы асқақ бола білген ардағым.

Қолын сөзып, болашаққа шақырған,
Армандаумен талай таңды атырған.
Мен жаныңда болам мәңгі дейтұғын,
Болса дағы осым шырқақ ақырғы ән.

Өткенді ойлап, өткізбеген өмірін,
Маған сыйлар құшағы-Ай, төрі-Күн.
Жанарының айнасына сыйғызып,
Еркелеткен еркемсің деп, көрігім.

Кейде ойланам, сынағыма төзбесе,
Мақсатына жете алар ма, көздесе.
Бірақ кейде сүйсінетін мен оның,
Кешірімді сұрағаны өзгеше.

Мен таңқалар, мұндай сезім тілеп көр,
Мәңгілікке бір болсам дер тілекті ер.
Қанша біздер болсақ та құшақты,
Құшақтарын босатпайды жүректер.

Адалдықты бейнелесе құс ағы,
Қос аппағың бірге ғана ұшады.
Дәл солардай мені ардағым эрқашан,
Сені ешкімге бермеймін деп құшады.

Тек жақсылық көрсем өң мен түсімде,
Көз тиер ме, болсын бәрі ішімде.

Маңдайым не бұйырып, не болса,
Болсын Алла разылығы үшін де.

Үш асқарым

Үшеуі-асқарым,
Күн шығар аспаным.
Жанымда болса олар,
Керек жоқ басқаның.

Үшеуі-тірегім,
Кеудемде жүрегім.
Болса аман жеңемін,
Күздің де күреңін.

Үшеуі- баспанам,
Дем беріп, бастаған.
Үшеудің арқасы,
Жақсы өмір бастағам.

Үшеуі- тілекшім,
Жаныма тірек шын.
Аман боп алдынан,
Жаратқан гүл ексін.

Бұл үшеу- үй маған,
Бауырды сыйлаған.
Жандарым үшеу,
Тәңірден сый маған...

Күз мұны

Көңілімді суытса да күз кескін,
Бағыма сол, өзіңменен кездестім,
Жүрегіммен сырласқан жарығымнан
Айырмасын дейміз ғой бізді ешкім.
Бөлек емес, бүтін болған біреуміз,
Бірімізге сенім етер тіреуміз.
Бәлкім біздер, екі жақта жырақта,
Бәлкім әлде бір ғұмырды сүрерміз.

Қосылады шын ғашықтан жүздің бірі,
Жаңғырықпен естілген қыздың мұңы.
Құлағыма келеді қайта қайта,
Сыңсудайын айтылған күздің мұңы.

Ригадағы дүние есігін ашпаған балаларға арналған ескерткішті көргендегі ой

Алла берген адамзат санасында,
Өмір менен өлімнің арасында.
«Түсік» дейтін жауыздық, күпіршілік.
Болмаған ғой қазақтың даласында.

Бір тамшыдан түзілген қан боп жарап,
Қазақ бала көтерген баққа балап.
Нәпсісін де тыя алмаған ақылсыздық,
Қасірет боп барады қанға тарап.

Үмітті олар Аллалық шапағаттан,
Жаралмас дағы шын махаббаттан.
Ригадағы ескерткіш көрсетеді,
Сәби рухын үстіне мата жапқан.

Қанағатты етесің барға қайсың,
Бала таппай, басыңды сауғалайсың
Түсік жасап, қолыңды қанға малып,
Мұсылман-ай, өкініп қалмағайсың...

Ар мазалап болмайды, көңіл де еркін,
Қалай ғана жоямыз ғасыр дертін.
Арамызда жүр әне қаншамасы,
Тартып жүрген тағдырдың қасіретін.

Алла берген ғұмырын адал құрғыз,
Рахымымен жіберілген ұл менен қыз.
Тәңір өзі жаратып, ғұмыр берсе,
Оны қиып, тоқтатар біздер кіміз?!

Өсекшіл дос көп, Сыйласар дос жоқ, Көңілдің кірін ашатын..

(М. Мақатаев)

Сыйласам да дәмнен қойып, бар асын,
Не бұзады дос пен достың арасын.
Өсек айтып, адалына қас болып,
Қайран досым, қайда азғындап барасың?!

Адал досты деуші едім,
«Бұл да бағым»..
Достығыңды міндет қып, бұлдағаның.
Көңілімді суытты қайран досым,
Кірдің суы секілді былғағаның.

Саған,
Маған жарқын күн тусын алдан.

Адалдықты сай қылып ұсын жалған.
Өтірік пен өсектен ор қазғанша,
Жалған досым, аулақ жүр мұсылманнан!

Қоқысқа баласын тастап кеткен ана туралы естігенде

Жүрек сыздап, көңіл деген налиды,
Бала -бөбек, шатты етер әр үйді.
Ей, мұсылман, әжетхана, қоқыста,
Тастамаңдаршы періштедей сәбиді.

Бір тамшыдан жаратылғаны ғажап шын,
Қазақ деген білесің ғой, аз-ақсың.
Аллах берген бұл сыйынды бағала,
Кәпір емес, иман жүзді қазақсың.

Аң да, күс та ұрпақ шашып жүрмейді.
Жатырдан ақ үнсіз ғана үндейді.
Жүрек соғып, жан біткен соң ол сәби,
Біз сияқты адам болсам деп тілейді.

Ана туралы

Өмірді сыйлаған мәнді етіп,
Сүті мен әлдиі тым бөлек.
Әлдиін салса ғой әндетіп,
Жаныма анашым күнде кеп.

Ғажайып ғұмырдың бағасын
Ұғындым анамның сөзінен.
Айналдым ақ жүрек анашым,

Мейірім нұр толы көзінен

Екіге мен жасым толғанда,
Бағыма жолыққан шығарсың.
Жылумен болғансың қорған да
Мен үшін сен анам, мұнарсың.

Ойға алам сол сәби кезімді
Сен берген тәрбие бойымда.
Мен үшін жан берген өзінді
Меккеге апару ойымда

Біздерге жайылған төрің құт
Толсыншы күнінде таң нұрға
Әкеммен жұп қылған өмірлік
Ризамын осынау тағдырға

Жылатпай жасымнан өсірдің
Қарадың жайыма, көңілге
Жасаған қатемді кешірдің
Жол сілтеп ақылмен өмірде.

Жаныңнан алыста жүрмін-ау
Сағынам құшағың тым ыстық.
Мереке күнінде жыр мынау
Шашылған бір саған ырыс -құт.

Анашым, аман жүр бағыма,
Жылуың бар болса, тоңбаймын.
Мен саған жыр арнап сағына,
Сәлемді осылай жолдаймын

Әлемді өзіне қаратқан
Аналар жадырап жүріңдер!

Ана атты дараға Жаратқан
Ғасырға татитын ғұмыр бер!

Қазағымның жастары

Арманы асқақ, рух биік,
Жаттап өскен жыр сүйіп
Қазақтың өршіл жастары-ай
Мәртебесі шарықтап
Қыран құстай қалықтап
Елді ертеңге бастады ай

Мен қазақтың ұл қызымен мақтанам
Ата баба дәстүрін нық сақтаған
Жастар елдің келешегі, тұмары
Сәйгүліктей додаларға баптаған

Ел үміті, жұлдызы
Айбыны асқақ ұл-қызы
Жастарымның еншісіне бар мұра
Мәңгіліктің төрінде
Бұлт шалмаған көгімде
Мағжан сенген кіл жастарым жарқыра

Өзге ешкімге бермес қолдан намысын,
Қызым-гүлім, ұлым-арлан, арысым.
Өнер сүйген, ойға түйген жақсыны
Ел жастарын күллі әлем танысын

Туған жерде табаным тілінсінші..

Туған жер- кіндік қан тамған жері,
Ең алғаш әнұранды салған жері.
Шартарапқа жар салар мақтанышпен,
Әр қазақтың киелі, арман жері.

Туған жер, Отан менің үйім екен,
Кең далаң мен топырағың сыйың екен.
Қаным-қазақ, тілім мен үнім -қазақ,
Мен сені мәңгілікке сүйіп өтем.

Туған жерді жырласын ақын, жыршы,
Әрбір қазақ бауырым, соны білші.
Өзге жерді талтандап басқанымша,
Туған жерде табаным тілінсінші.

Көктемді ұнатам

Ілтипатпен сыйлағаның гүл ізгі,
Көңілімді бір өзіңе бұрғызды.
Бір қуантып, бірде мұңға толтырар,
Жек көремін сезім де жоқ бұл күзді.

Жек көремін...
Ызалымын неліктен.
Мен қиналсам жапырағымен бұл күздің
Аялауға мені бір сәт келіп пе ең?
Бәлкім бір күн кезігер ме шынайы
Ғажап бір жан көптен бері мен күткен.

Күз де кетер мұң қапшығын сүйретіп,
Арамыздан сезім шоғын сиретіп.

Күзді емес, мен көктемді ұнатам,
Шын сүюді кететұғын үйретіп...

Қазақ атын танытсын - «Үш тұғырлы тіл»

Қазақ елі- рухың биік, алыпсың,
Көш басында тұрған ерек халықсың.
«Үш тұғырлы тіл» қолдаған жастарың.
Қазақ атын күллі әлемге танытсын.

Үш тілде де сайрап тұрар кезің бұл.
Қазақ тілде айтсын қыз бен сөзіңді ұл.
Өзге тілдің білсең дағы қаншасын
Алдыменен қазақ тілдің өзін біл!

Ұлық Аллах- мейірімді...

Алла мені бір тамшыдан жаратты,
Жанар беріп, айналаға қаратты.
Шүкір, шүкір қуанамын Жаратқан,
Бүгін тағы керемет бір таң атты.

Иесі Алла тағдыр атты кемеңің,
Аллаға аян менің қанша көрерім.
Мейірім мен шапағатқа бөлеген,
Жаратқаным-Тәңір саған сенемін.

Пенделерін Алла өзі сынайды,
Сәуле қылып берді бізге Күн-айды.
Жайнамазға маңдайларын тигізіп,
Пендесі кеп бақыт бер деп сұрайды.

Кешірімді ұлық өзі бір Алла,
Шапағатты, ғаламатты нұр Алла.
Қамқоршысы, жаратушы мәңгіге,
Бар әлемді бар ғаламды бұл Алла.

Құбылаға бұрыламын тағы да,
Әке-шеше берген екен бағыма.
Күніне мың қайталаймын ішімнен,
Тәубе етіп, Жаратқанға барыма,
Отбасыма, сау денем мен наныма!

Тілім менің - ар намысым, айбатым!

Тілім менің!
Өр халықтың намысы
Рухты, қайсар,
Азат елдің барысы
Бабалардан қалған тілді қастерлеу —
Өр қазақтың ар ісі.

Тілім менің!
Ана сүті, әлдиі,
Дәстүр сүйген,
"Жорға" тілі,ән - биі
Қазақтың да қазақтығы тарихта.
Ана тілде бейнеленген жан — күйі

Тілім менің!
Жалын атқан алмастай
Шұбарланба!
Өзге тілмен жармаспай.
Тарихыңның тереңінен бастау ал.

Бірін - бір тартып тұрар қандастай.

Тілім менің!

Махамбеттің жырында

Ана тілде суреттейді ақының,

Ел -жұртының қуанышы, мұңын да

Қалың қазақ қаныңда сайрап тұрар,

Қазақ тілдің өлшеуі жоқ құнында!

Тілім менің!

Ел еңсесі -

Арай күн!

Сенде жатыр қасірет те, талай мұң.

Шыншылдықтың шыңында шырылдаған,

" Өлең -сөзін" кестеледің Абайдың.

Тілім менің!

Қадірлеп, бас иетін,

Жазған Мұхтар, Сәкенім өсиетін,

Отан - сүйсем, қорғасам, қызғыштай боп,

Ана тілім - бұл сенің қасиетің.

Тілім менің!

Өркенде !

Атып күнім.

Жатса дағы қысқартып уақыт қылын.

Өзге тілді білсем де,

Өз тілімде

Сайрап тұрсам, мен сонда бақыттымын!

Тілім менің!

Байрағың жығылмады

Қаққан қазық қадалды, нық орнады.

Қазақ елі мақтансын -

Қалар мәңгі,

Туған елдің өз тілі - тұғырдағы.

Тілім менің!

Келмесін ол атқа сын!

Сөз игерген бұл тілде Дулат, Қасым.

Ғасырларға ұласып, ешқашан да -

Тілім менің тілдігін жоғалтпасын!

Тілім менің!

Танытып сені жатқа,

Бауырластар!

"Тіл -байлығың", ойда сақта

Мәңгілікке қазақ болып ұрандаймыз,

" Үш тұғырлы тіл" біліп сайрасақ та.

Алашымның құламасын ақ туы

Ер Түріктің кең даласын мекендеп,

Мекендеуді ойға алғанда бөтен көп.

«Алашым» деп ұрандаған қазаққа

Жаным барда сені қорғап өтем деп...

Арыс бабам!

Тартса дағы ең ауырын жазаның,

Таптатпаған ұлттың арын, өз арын.

Сана ойды жаулап алған «азғынды»

Жоямын деп оятқандар қазағын...

Намыстанған...

Көкірегі ояу емес халықтың,

Ой- санасын жетеледі жарық күн

Қараңғылық жауласа да нар ұлдар

Туралығын көрсеткен ед(і) бағыптыщ...
Көсемдерім!

Әуелеген қанаты кең сұңқардай,
Шабысымен шаң қақтырар тұлпардай,
Атқа мініп, «Алашым» деп ұрандар,
Жаудан елін қорғап келген ұлдардай.
Өсем дедің...

Ұрандары намысыңды қамшылар,
Оған « қазақ» деп шырылдар жан шыдар.
«Тұманды ойда» жатқан елді оятқан,
Арыстарда бір құдірет бар шытғар...
Кім біледі???

Кең даланың құшағы ашық, жайсаңдығын
Жырға толы, сырға толы бай сандығын.
Әлихан мен Мағжан, Ахмет бабалардың
Өршіл, рухты, қайсарлығын
Білдіреді.

Қазақ елін мәңгілігі тербетті,
Ер тағдыры үшін талай ер кетті.
Алашымның көсемдері тұсауын,
Кесіп кеткен сол БОЛАШАҚ ер жетті.

Бұл- қазақ!

Туған ерлер халқының бір бағына.
Сызат салмай қасиетті ұлт арына.
Тамырын да тереңге жайғызған-ды
Қалдырумен қалың ел- ұрпағына
Жыр ғажап.

Үш Арысым! Үш биік- кеменгерім!
Батырлармен, алыптармен тең ерлерім.
Ерліктерін мақтан етіп, бүгіндері
Жыр арнайды ұрағың- өрендерің.

Көгімізде тұрақталып, тұнып бақ,
Ақтауменен бізге қалған үмітті ақ.
Азаттықтың жолындағы ерім деп,
Әлихандай ұлт көсемін ұлықтап.

Ұмытпайды дара туған есімді ел,
Кең аунайды туған жердің төсінде ер.
Ел жадында, тарихында қалатын
Алашыммен қатар жүрер есімдер.

Болса дағы ауыр олар жүрген із.
Алғыс айтып сыйлап кеткен күнге біз.
Мәңгілікке тамыр жайсын әлемде.
Алаш құрып кеткен дiңгек- iргемiз!

Қасым Аманжоловқа арнау

Жылға емес ғасырға тән жыры қалған,
Құтылмаған індет атты ұлы тордан.
Зәузаты - Рахымжанның Қасымының,
Қаракесек- Қара Шор руы болған.

Тегі- асыл, Жаны -қазақ! Тәні- қазақ!
Болса да ғұмыр күннің саны да аз- ақ.
Өршіл рух, саф алтындай теңдесі жоқ,
Жазып кеткен жауһар жыр мәні ғажап.

Болмаса да жанында ата- анасы,

Қиындықтан баз кешкен сәт, арасы.
Мәшһүр болған елге аты дара тұлға,
Әлімханы Ермектің- аталасы.

Бостандығын ұлтының аңсаған- ды,
Ұлтшылдыққа сүйреген қанша жанды.
Бұл Қасым- қазағының маңдайына,
Жарығы ұзақ, жанары аз шамша жанды.

Еркінмін, азатпын деп тепсінетін,
Өмірді де «Келер ұрпақ» деп сүретін.
Көк Тәңірге танытқан қазақ ұлын,
Қаннан ұзап кетпейтін текшіл едің.

Ұлттық рухтан жаратып уақыт бардың.
Келешектен күткен-ді уақыт бар күн.
Ұлтшыл болмау хақы жоқ,
Жерде туып
Әлихан мен Әлімхан Жақыптардың.

Жалынды сөз, от кеуде, тарлан жыры.
Жырларында өршілдіктің жанған сыры.
Елдің мұнын күйттеген рухты ақын,
Бір-ақ рет туатын жанның бірі.

Салса дағы тұсау мен сан құрығын,
Жүрегімен қабылдап тағдыр үнін.
Қан менен жас аралас жырға қосқан,
Өзі туған ғасырдың жаңғырығын.

Заманының қуаныш, күйігін де,
Жазған жырдың бізден өзге, сыйы кімге?!
Поэзия әлемінің қашан - дағы,
Қасым тұрар, дараланып, биігінде!

«Қазақ» десе сақшысы ақ арының,
Аспанменен астасқан жоғары, мың...
Ғасырлардан жалғасар ғасырларға,
«Қасым» - «өршіл рухты ақын»- қатар ұғым!

Төлеген Айбергеновке ариау

О аға, өлеңдерің қандай әсем,
Жазғаныңда мен сияқты сен де жас ең.
Өлеңдерің маған қуат, күш беретін қашан да,
Артық болмас сол жырларың бір мадаққа тең десем.

Құрмет тұтам бір өзіңді еліктеймін қашан да,
Сенсің менің поэзияға ақ жолымды ашқан да.
Жырларыңмен үндесетін менің де бар жырларым
Сол жырларды мерейтойға арнап жазғам саған да.
Сен жырладың ана жайын, өмірдегі мәнін де,
Сен жырладың қыстың жайын, көңілдегі сәннің де.
Сен жайында мен жырлайын мерейтойға тарту деп,
Сол тартуың бір бөлшегі көңілдегі әннің де.

Ана деген өлеңіңнен бастау алды өлеңім,
Ана деген асыл жанды құрметке де бөледің.
Оған арқау болған сенің ана жайлы жазғаның,
Мен де анама жыр маржанын, өлеңімді төгемін.

Мерейтойың құтты болсын, ақын аға, асқарым,
Жыр кемені өзіңменен, өлеңіңмен бастадым.
60 жастың ішінде бір тұңғыық тұнып тұрғандай,
Сол тұңғыық ішіндегі мен бір бала - жас ақын.

Алтай Сметке арнау

Өлеңімен бар өмірін өрнектеп
Жақсы адам жақсылығын көрмек деп.
Алтай аға жырларында жазған ғой
Шыншыл, тура адам жанды бол тек деп.

Қаламына жан бітіріп 40-та,
Теңер едім көне көзді сыныққа.
Жыр-мұнардың биігіне өрлеген
Жан бітіріп поэзия- құлыпқа.

Өлеңімен өткір жанды, өрлеген
Шортанбайдай жырау салған жолменен.
Мұсылмандық жолын жырға қосқан ды
Ақ қағазға қалам ұстар қолменен.

Шындықты айтқан беткейлігі таймаған
Өлең жырға өзекті сөз байлаған.
Алтай аға, қарт сұңқардың көзіндей
Жырларында өшпес тарих бай ғалам.

Артында сөз қалсын деген ақының
Қазақ шапса, қысып қояр тақымын.
Сөз шешені тура айтып сынаған.
Өзіне сөз келтірмеген әкімін.

Елдің жоғын айта білген жырымен
Қазағым деп соққан жүрек үнімен.
Сондай жанға басымды иіп құрметтер
Қазақ ұлдың боламын ғой бірі мен.
Ал ағасы, мерейтойың құтты боп

Осы күнді ауыл-елің күтті көп.

Құдіретті поэзиямен жасай бер
Қуанайық сен ғасырға шықты деп.

Өлең жырың таусылмасын бітпесін,
Сол жырларың таппасын еш нүктесін.
Ел мен жерді өрнектеген өлеңмен
Алтай Смет поэзиясы құтты есім!

Шәмші ағаға арнау

Ән әлемнің биігі, шынары да,
Жан бітірген өзен-тау, бұлағына,
Ең асылы «Менің Қазақстаным»
Еліміздің айналған ұранына.

Нотаменен суреттеп ақ аруын,
Сазыменен әрлеген атар күнін.
Өмір-өзен, ән-ғұмыр әлемінде
Музыка мен Шәмші аға қатар ұғым.

Әндеріне тербеліп баяу ғана,
Сізді еске алар халқыңыз, аулы аға..
Қанша уақыт өтсе де ескірмейтін,
Әндерінде болмасын аялдама.

Ғажап шіркін, әндерің жыл өткерген,
Сенің сазың жоғалмас жыр еткеннен,
Өзің қайта оралмас сағым болсаң,
Шәмші аға, әнің өшпес жүректерден.

Әуеніңе тербелін таң самалы,
Өндеріңе билейді таң самалы.
Шәмші аға, құлаққа әнің жетсе,

Жүрегім өз-өзінен ән салады...

Еске алу

(Ағам Серіктің дүниеден озғанына 40 күн толғанда)

Көңіліңді мұң шалар қайғы алғанда,
Бауыр десе ет жүрегің жай қылған ба?!
Жанарға жас, кеудең өксік толар,
Жанашырың жақыныңнан айырылғанда.

Жарты ғұмыр кезінде жаңа қызған,
Кетсе көзден, кетпейтін санамыздан
Туғанымыз, ақкөңіл дара Серік
Ойламадық кетеді деп арамыздан.

Қабырғамыз қайысып, қайғырамыз,
Өмір менен өлім деген жайды ұғамыз.
Серігіміз арамыздан ұзайтындай,
Бізге осындай қайғы әкелді қай күнәміз.

Ерекше еді аңқылдап, бәрімізге,
Сене алмаймыз жоқтығыңа әлі біз де.
Желтоқсанның 5-нде жолға шығып,
Қайта оралар жандайсың сары күзде.

Жердің үсті біз жүрміз, сен астында,
Шырақ жакқан жұмақтай белді астың ба?!
Қалай ғана қиямыз деп жылаған,
Сағыныштан шегі жоқ шер-жастың да.

Көз алдымда бір бейнең, сөзің тіптен,
Осы шығар ісің жоқ кезің түкпен.
Тұрсам деуші ең әкемнің жанында сен

Айбатырдың тойында өзің күткен

Жиен емес, әкеме туғаны едің,
Ортамыздың жаршысы, думаны едің.
Сәйгүліктей желменен жарысушы ең,
Сені енді сағынуда құба белің.

Ата әжеміз сені өсірді бауырында,
Көрсен дағы сен соның ауырын да.
Сен ер жеттің ,есейдің, еркеледің,
Ақжал деген нағашы жұрт ауылында.

Көрмей кеттің қызығын еш балаңның да,
Еншіңді өз өміріңнен ала алдың ба
Өскен өлкең, шаңырақты үлкен ұнатушы ең,
Болмай сая құшағы анаңның да.

Тұрам деуші ең Ақжалда үйің салып,
Жаза алмадық қиналған күйіңді алып.
Ер -азамат нағыз сен болып едің,
Алыстадың, артыңнан сыйың қалып.

Бәлкім сені ұлым деп елемеді,
Көз тірінде ұғыну керек еді.
Өз әкеңнен артық көрген Айтболатқа
Сенің орның Серік-ау, бөлек еді.

Сен ауырған сәтіңнен жаны мұнда,
Көп тілдестің, соңғы көз жарығыңда.
Тәтем менен ағатайымның аманаты деп.
Жасаймын деп талпынды барлығын да.

Үмітіміз өшпеді, сауығар деп.
Нағыз бауыр қиындықта танылар тек.

Несі қадды....отбасы, дос, бауырларға,
Сағыныштан жас алып жабығар тек.

Арамыздан сен кетіп, біз кемідік,
Қайдағы бір дерт салып күзде құрық.
Қайран ағам, біз десе елжірейтін,
Бір бүйрегің тұрушы еді бізге бұрып.
Сенсіз өткен күндер де өтер мұнды,
Ісіңменен дәлелдеп кім екеніңді.
Сендер жақсы болсаңдар жақсымын деп,
Сездің бе екен мәңгіге кетеріңді.

Не шарамыз бар Тәңір, Жаратқанға,
Тағдырыңды жазады екен жаратқанда
Асыл жарың- Гүлназың қиналуда,
Оны ерекше мәпелеуші ең алақанда.

Сенің қазан жұдырық құлағанға,
Тіршілігін берсін Алла тірі адамға.
Жүрек жылайд, Өлішер үнсіз қалып,
«Папам қайда» деп Сабинаң жылағанда.

Көз тірінде болған бізде қанша үміт,
Ағайын,дос жарың күтіп жан салып.
Жүректері отбасыңның жаста шығар.
Жаңа жылды алғаш сенсіз қарсы алып.

Кимасы көп көзден аққан жастарының,
Нағыз адал боп қосылған бастарының
Алла саған нағыз дос берген екен,
Ниетінен сенсіз қалған достарыңның.

Қырқың жетті, сен бізден ұзағалы,
Жанға батар, жүректің сыздағаны.

Пейіш жақтан бұйырсын мәңгілігі
Адал болып пендеңнің жүз амалы.

Жарық болып сен жатқан көш-қабірің,
Жәннаттағы жандарға қос Тәңірім..
Жерің жатқан жайлы болсын.... мәңгілікке
Қош ағатай! Қош әке! Қош бауырым!

Нағашы Құрал аға мен Гүлнәш тәтені еске алу

Бұл өмір ағынмен зуылдап өтеді,
Біреу кеп өмірге , біреулер кетеді.
Сапарға ақырғы аттанып кеткенде,
Барша жұрт жылады, жас толып етегі.

Сіздерден айырған ажал сол жол еді,
Қайтеміз, жүректер мұңлы жас төгеді.
Немере тойына жетсем деп тілеген,
Ағатай-Ләлемнің арманы көп еді.

Өмірде жүруші ед жұптары жазылмай,
Аңкылдап күлуші ед, жайдары жазындай,
Екеуі қосылып, әндетіп жүретін,
Көңілді тербеген қос аққу сазындай.

Жетпеді әттең-ай, екеуі бұл қысқа,
Оралып қайтады әр жылы жыл- құс та.
Қалдырды артына балапан-баласын,
Келмейді енді олар..
Өмір ғой тым қысқа.

Әттең-ай болмады қоштасар кез кеше,
Толмайды олардың орыны өзгеше.

Әке жоқ ендігі маңдайдан сүйетін,
Ана жоқ ендігі сүт берер шөлдесе.

Жарысып өтті ғой, бір күнің бір күннен,
Еске алып сіздерді, көзге жас іркілген,
Кеше бар бүгін жоқ ағатай-ләлемнің
Ғайып боп кетерін бір демде кім білген?!

Сағындық ақжарқыш, көңілді жүзіңді,
Әттең ай екі өмір неліктен үзілді?!
Ұрпағың сендердің тегінді жалғайтын,
Жебей жүр әрқашан ұлың мен қызыңды.

Отынды өшірмес -Нұржаның- жалғасың,
Қайтеді ендігі, сендерсіз қалғасын.
Бір Аллаһ өздерің көрмеген қызықты,
Балапандарыңа ғұмырмен арнасын.

Құлағаныма асқары тауымның,
Ұстазы шәкірттің, анасы ауылдың.
Ағатай-ләлеммен мәңгілік қаларсың
Көңілдерінде аға мен бауырдың.

Жайқалған гүл үзгендей жапырақтарын,
Кеттіндер тастап Ақжалдың атырап-тауын.
Қабырға жарық, жерлерің жайлы боп,
Тілейміз біз торқа болсын топырақтарың!

Мен елімнің ертеңі, болашағы

Қазақ болып туғаныма мақтанам
Өз елімді құрметтемеу-жат маған.
Достарыма қолым созып, бауырдай

Дұшпанымнан алыс жүрем, сақтанам.
Мен елімнің болашағы, ертеңі,
Басқаратын ұлан ғайыр өлкені.
Жастық шаққа қадам басып келемін
Артта қалып балалықтың желкені.
Сәкен, Қасым, Әлиханның жалғасы
Солар салып кеткен жолдың арнасы.
Сол жолменен жүріп келем құламай
Қос қанатым ұша түсші самғашы.
Мен қазақтың жерін қорғар балаңмын.
Сәйгүлігі мен шабатын, даламның
Келешекке қадамын нық басатын
Жаңғыруы шығар осы санамның.
Мен қазақты жақсы көрем бауыр деп.
Бастарыма түссе дағы ауыр көп
Намысымның қамшы сабын сындырмай
Жатқа бермейм, шағылса да тауым көп.

Біз сенеміз Елдің басы- еріне
Қамқоры сол болғаннан соң жеріне.
Биылғы жыл Жастар жылы аталып
Жастарымды шығаруда төріме.

Жастар елдің болғаннан соң мұнары
Қолдан бермес намысы бар, қыл-ары
Байрақ туы болып жастар қолында
«Жаса Жастар» болсын ұран, жыр-әні.

Арманы асқақ шарықтай бер қазағым,
Болсын ғұмыр мөлдірдейін таза күн
Қазағымның бар жастары жасасын
Мен соларды жырға қосып жазамын.

Әлі -ақ елім, мәңгі жасар, көремін.

Дамыған ең 50 болсын енерің,
Мағжан атам сенген біздей жастарға.
Мен да адамдар, қазақ жасқа сенемін!

Көктемгі көңіл...

Көктем де жетті күлімдеп.
Сағынтып біраз адамды.
Жазылсын біраз сырым деп
Қолыма алдым қаламды

Сезіммен кесте-өрнегі
Сызылған мезгіл осы ма
Сағынтып келді ол нені,
Әлде бір көңіл хошы ма?!

Аязды күндер қимастан
Өрнегін көрдің жүзімнен
Мен аппақ қармен сыйласқам,
Шыныдай өткір мұзымен

Сықырын естір қадамның
Қысыма жоқ өкпе, ренішім,
Көктемі келді ме ғаламның
Шуағын алып мен үшін.

Жадырап мен де шығамын
Көктемгі көңіл лебімен
Мен жылу бойыма сұрадым
Қардан соң күннен еріген.

Көңілді мұң толы кезім кей
Сезімнің шоғымен үрлеген.

Мен осы көктемді сезінбей,
Сүюдің не екенін білмегем...

Жаныма сыйлашы тым бөлек
Сезімнің сиқырын, көктемім..
Жанымның жарасын емде деп
Көктемнен күтерім көп менің..

Әзіл өлең

*7 мамыр Отан қорғаушылар күні білім бөлімінің ер
азаматтарына арналған*

1.Қабағынан жаумасын деп «қарлар-мұз»
Тәртібінен солдат болып алғанбыз.
Басшымызды құттықтаймыз бұл күні,
Ұжымдағы сұлу, нәзік жандар -біз.

Жанары бар сақтығындай қыранның,
Авторы өзі..... неше түрлі ұранның.
Елдос Жарылғапұлы, әр жыл сайын тойлаңыз
Аман-есен мерекесін «Ұланның»

2.Асықпайтын не болса да, бір демде,
Жиғаны іште...
Білінбейді түрден де.
Мирас атты асыл ұлдың біреуі
Не жетеді жанымызда жүргенде.

Сабырлықпен төзе алатын қиынға,
Артық сенің бағаң да әркез сыйың да.
«Көршінің қызын» айтып берер қатырып,
Мирасымыз әрбір мейрам-жиында.

3.ВТО- ны одан артық ешкім білмейді,
Кабинетке құр қол өзі кірмейді.
Хат болмаса, газет әкеп тұрады.
Дәлізде де беталды өзі жүрмейді.

Жұмысына өзі ұқыпты, жинақы,
Таусылмайды бізге әкелер сый-хаты.
Қайыржандай азаматқа арнайы,
Қыз қауымнан болсын лебіз-«сыйақы»

4. Қалжақпас ол, арамыздың «жындысы»
Әдіскерде жалғыз бадай- құндысы.
«Айқын» менен «Білімал» деп қақсайтын,
Арамызда бар өзгеше бір кісі.

Түсірмейміз азаматтық құныңды.
Өзіліңмен жарастыр әр күніңді.
Саған айтар тілегіміз, Қанатбек,
Көруге жазсын жалғас болар ұлыңды.

5. Иссапардан тимейтін еш қолыңыз,
Ашық болсын жарыс-жолда жолыңыз.
Қауымына қыздардың бұл ұжымда,
Еркебұлан, сіздің бөлек орныңыз.

Жағып әркез спартакиада алауын,
Орындалсын арман-тілек қалауың.
Құтты болсын мерекеніз, Ереке,
Желбіретіңіз жеңістің көп жалауын!

6. Айтар сөзі «ИП», «портал», «кім ұтты?»
Қыздары бар, сүп-сүйкімді, қылықты.
Артық сөзі жоқ. жымып қоятын.
Жақсы жігіт, жақсы маман, білікті.

Отбасың ғой, сенің өмір, бар мәнің,
Аман болсын, туыс, жақын жандарың,
Әнуарға айтарымыз, тілекте,
Орындалсын, ойға алған арманың.

7. «Любимчигі» деп аталған бар қыздың,
Ерекше кеп амандасар жалғыз кім?!
Қалжың менен әдемі әзіл жарасқан,
Иүркен атты ағайымыз бар біздің.

Сыйластықтан әрі аспаған ойымыз,
Әзілменен тез үйренген бойымыз.
Тілеріміз, Нұреке енді алдағы,
Аман -есен атқарышсын тойыңыз.

8. Газельде оны көрер көптеп Шет елі,
Газель оның іссапарда мекені.
Белгілі ғой Газель деген сөзден-ақ,
Димаш ағайға тілегіміз екені.

Жанармайы таусылмасын көліктің.
Төбеңізді бұлт шалмасын, төніп күн.
Димаш Аға, ұлдарыңыз ер жетсін.
Жаныңызда болсын жарың-көріктің.

9.Отырады шетінде ол диванның.
Кәрібай деуге ауыз барып, қимағын.
Кенже атты ағамыз бар осында,
Қазақ па өзі, туысы ма «Иванның».

Өзгермейтін образ бенен салтыңыз.
Жақсылықты тілейміз ғой жалпы біз.
Жүре беріңіз, арамызда баяғы-

Өзгерместен тура осы қалпыңыз.

10. Жұмыс соңы кім қалды деп қарайтын,
Сотканы кім алып кірді деп санайтын.
Жұмыстан соң қайтса екен деп біздерді,
Жұмыста ұзақ қалмауымызды қалайтын
Бақтығали ағамыз бар арада.
Керней атты үлкен рудан тарайтын.
Ақкөңілмен, күліп қана жүретін,
Жақсы жаннан Бақтығалы ағай тым...

11. Біздегі осы тыныштықты күзетіп,
Қисық тұрған ар бұрышты түзетіп.
Нұржан атты ағай да бар осында,
Еш саспайтын кетсе дағы жүзі өтіп.

Терминатор сияқты өзі, қарасаң,
Жайлап қана сөзбен тисер, жоласаң.
Сізге де біз жақсылықты тілейміз,
Денсаулық пен мол бақытты, орасан.

12. 3-4 айда бір рет көріп қаламыз,
Үлкеніміз деп, сәлем де саламыз.
Сіз сияқты он екі ай емес біз,
Еңбек демалысын 1-ақ мәрте аламыз.

Жарасса әзіл, өзіңізбен ойнаймыз,
Жақсы ниет, тілек қана ойлаймыз.
Раха сізбен, бірнеше жыл қатарынан
Әр мереке, қуанышты тойлаймыз.

13. Өсіп кеткен, тфай тфай , бір ұл бар,
Есімін айтпай жай өздерің ұғыңдар.

Жұмыс жағың жоғарылай берсінші,
Үйленуін қыздар, бірдеңе қылыңдар)))

Бізден бөлек кетсең дағы жұмысың,
Жақсылықпен ұштассыншы бір ісің.
Ер-азамат атына сай жігіт бол,
Артып әркез береке мен ырысың.

«ЖАПЫРАҚ ЖҮРЕК ЖЫРЛАРЫ»

*Жолымыз айқасты,
Кім білер...
Көшедей қиылыс, бұрылыс.
Қуаныш, мұңымен бір жүрер.
Білсеңіз..
Бұл өмір- құбылыс.
Дұрысы, ұйқаспен тізілген,
Сезімді өлеңге азық деу.
Сұрланған, қатқылдау жүзімнен,
Білсеңіз...
Жүрегім нәзіктеу...*

Сезімнен құралған өзге шер,
Санаммен ұштасар жиі дөп,
Күн сайын, тосыннан кездесер,
Білсеңіз...
Өмірдің сыйы көп.

Сол сыйдың біреуі сіз дедім,
Түндерде мен қылған сан тілеу.
Көзімнен ұққандай күз менің,
Білсеңіз...
Мен күткен жан біреу.

Жолымыз айқасты,
Кім білер...
Көшедей қиылыс, бұрылыс.
Қуаныш, мұңымен бір жүрер,
Білсеңіз..
Бұл өмір- құбылыс.
Дұрысы, ұйқаспен тізілген,
Сезімді өлеңге азық деу.
Сұрланған, қатқылдау жүзімнен,
Білсеңіз...
Жүрегім нәзіктеу.

Өзінше сүйетін жүрекке,
Өзінше әрине бар қалау.
Сіз бірақ, асықпай бұл ретте,
Білсеңіз..
Тағдырым- сан тарау.

Көз ілсем, күндерде, түндерде,
Жанарда түс-өнім тұрасыз.

Махаббат үшін деп, мұң көрме,
Білсеңіз...
Махаббат - күнәсіз.

Бір жүрек, бір өмір сүретін,
Биіктеу -азамат құныңыз.
Бір қадам кейіннен жүретін,
Білсеңіз...
Бола алам нұрыңыз.
Тағдырдың отымен маздайтын,
«Бұйырса, бұйыр!» деп жүрміз-ай.
Жұптарын түндерде жазбайтын
Білсеңіз,
Бола алам Жұлдыз- Ай.

Өзгермес ғұмырда өлшеулі,
Болса да «Махаббат - жан қайғым!»
Түсірмей еш жерде еңсеңді,
Білсеңіз...
«Сезімнен» таңбаймын!

Сіз ұлы Орталық өлкенің,
Мен қызы Шетінде Арқаның.
Қобалжу - бойымда тұр менің
Білсеңіз...
Мен содан қорқамын.

Бір сәтке үнсіз қап айнала,
Алдымнан бәлкім сіз шығарсыз...
Мендегі бар жайды жай ғана,
Білсеңіз...
Көзімнен ұғарсыз.

Айтарым, сөзімнің соңында

Сізбенен жүздесер қымбат күн.
Тосыннан жолыққан жолыңда
Білсеңіз..
Мен де бір жұмбақпын...

Бір сәттік

Келемін жолда мен мұңайып,
Өзіңе қай кезде жетем деп.
Дейді ғой біреулер бұл айып.
Жүргенім жалғыздық мекендеп.

Сен маған шын емес, жалғансың
Санамда тұр бейнең құралған.
Бір сәтте ұнатып қалғам шын,
Өзіңді ойлаумен жұбанғам.

Мен сені ұнаттым неліктен,
Даусыңды естуге құмарттым
Жанымды бір сәттік еліткен,
Еңсемді көтермей, құлаттың.

Мен сені кездесіп, көрмедім,
Сөзінде айтылған жалған көп.
Тағдырдың еркіне көнгенім,
Менде енді бұрынғы арман жоқ.

Бүгінде кеттің өз жолыңмен
Уақыттай зымырап өтетін.
Бақытқа шаттыққа толы үнмен,
Келер ме күндерім жететін...

Өзіңмен танысқан күзімді.

Ақжарқын әдемі жүзінді.
Мен сені ұмытам..
Өйткені
Мендегі көп үміт үзілді.

Шынайы сезімдей ары жоқ.
Сүйемін дегеннің саны көп.
Мен сені соншалық сүйгенмен
Кетермін өзгенің жары боп...

Даусыңды естіп, қуаныш билеп алғандай тұла бойымды,
Сағыныш сезім ұмтылып саған бір сәтке күмән жойылды.
Өзіңмен ұзақ тілдесем дағы сананы шапқан мұңменен,
Түсіне алмадым жүрегіндегі айтқың-ақ келген ойыңды.

Сөйлейсің кейде сезімді жұлып тастаған болып жүректен,
Шыға алмай кейде қимастық деген күмәнға толы түнектен.
Сені ойлап өткен күндерім ұзақ, түндерім қырсық
жылатқан,
Бәрін де ұмытып, үмітпен жүрген көңілім бір сәт дір еткен.

Сағындым сені деп айтқым келіп, жүрегім үнсіз жылады.
Жұбанған көңіл сәл ғана шыда, келеді деумен тынады.
Қоңырау шалып, халімді біліп тұрмасаң дағы бірақ та
Бұл құрғыр жүрек бағынбай маған өзіңді ойлап тұрады.

Естеліктер қанатар жараны ашып

Иә..
Бар жаныммен есім кетіп сендім оған,

Күн жоғалып, қара бұлт төнді маған.
Сансыз күн мен түндерден бірге өткізген,
Аз сәттерім бақытты болды маған.
Иә..
Қимастықтың құстары төбемізде,
Бас иеміз алла дейтін төремізге,
Тәңір өзі қосады ғашықтарды,
Тағдыр-қатал, қаталдыққа көнеміз бе?

Жоқ..
Көне алмаймын, көңілім аландайды,
Нұрымыз да жақын тартқан балаңдай-ды.
Төзе білсек сынақтар жолағына,
Нағыз отау оңайлықпен қаланбайды.

Иә..
Өмір сүргім келеді өзіңізбен,
Бірақ төзім көрмеймін сөзіңізден.
Шын ғашықтар бойындағы алау сезім,
Көрінуші ед.. ұшып кетті көзімізден.

Жоқ..
Сене алмаймын мен енді ешкімге де,
Мұң өрнегі жүзімізде кескінделе.
Махаббатты лаулатамыз деген едік,
Жанбай жатып, жарығым өштім деме.

Иә..
Уақыт саған сыншы бол мына маған,
Өткенді де сені де кінәлағам.
Сүйгеніне айыпты болғандармыз,
Жыламаймын..
Мен мүлде жыламағам.

Естеліктер..
Қанатар жараны ашыш.
Не жасырам?!
Саған жүрек, сана ғашық.
Көктемімде оралар құсым болсаң,
Өзің жапқан есігің саған ашық,
Ұмытпағын, жүрегім бала ғашық.

Өмірді мен де ұғына білдім,
Сабырдың жайлап шыңына міндім.
Ал сіз күнім кеудені керіп,
Қиналған менің мұңыма күлдің.
Уақытты төре қылмайын деп ем,
Болмады әурең тыңдайын деген.
Тәнің мен жаның патшадай едің
Болмаған ойда былғайын деген.

Еңсеме биік түсірмей бұлтты,
Шуына өзінің көмілтпей жұртты.
Жанарым енді суалмасын деп,
Жүрегім сезімді өртеді, құртты.

Аларсың содан ләзатты ерек,
Жылдар да күндер де ендігі бөлек.
Ұмытқаным...
Мәңгі өшіріп естен,
Сол ғой түсіңсем сізге енді керек.

Ұмытамын
Ұмыту керек болса,
Жылыта алмасын жан- тәнің тоңса.

Алладан ғана тілерім болсын,
Бағыңа жақсы құсың кеп қонса.

Асықпай ойлан, көзіңді жөнді аш,
Болмаған екенмін жаныңа жолдас.
Жоқ өмір сен үшін болса да, қайдам,
Біздермен өткен сәттердей болмас!

Жалған бәрі.
Сүйемін дегендердің,
Тұңғыыққа беймәлім тереңдедім.
Құр бос сөзбен санамды улағанша,
Күйін кешіп жүрмедім бе керендердің?

Бәрі болды,
Мәнсіз, мәнді сөздің де,
Мейірлене қарайды енді көз кімге.
Сынақтардың бірі кетіп, бірі қалды,
Уәде бердің, бірақ өзің төздің бе?

Мен кеттім,
Үміттер үзілді деп,
Сен кеттің
Көрем тағы жүзіңді деп.
Бақытқа толы кезді мұнды етіп,
Өзгерттің неге ғана күзімді кеп?!

Қоштасу екен ғой....

Телефоным шырылдады.
Елеңдеп..

Сағынышым кеткендей ме тереңдеп.
Кездесуге шақырғаның есімде.
Бойда шаттық сені бүгін көрем деп.

Асығамын
Пойызымнан қалардай,
Басып келем қадамды да
Алаңдай.
Уақытты да тоқтаса екен деп келем
Уақыт сені менен тартып алардай.

Сол баяғы бақ ішінде
Сен күтіп,
Жаңбыр енді себелеуде
Жел бітіп.
Темекидің тақылына жеткеніне
Мен де жеттім орамалымды желпітіп.

Құшағыңды сезінбедім,
Жай ғана
Мені енді жаулап жатқан ой ғана.
«Мен кетемін...кешір.. жолым бөлек» деп
«Қарағанды» дедің бе әлде, қай қала?!

Ал менің ше,

тағдырым бұл не болмақ,
Жүргенімде тіреу болып, мен қолдап
Бергеніңмен уәде, бәрі өзгерер
Тұрсаң да егер хабарлама сен жолдап.

Үнсіз ғана тұрдым дағы
Ұзадым,
Жыламадым

Ұзағанша жүз адым
«Кете бер-ді айта алмаған жүрегім
Қал дегенді айталмады қыз атым.

«Ай дидарлым, Аман бол!»
Соңғы сөзің,
Оқығанда мұң-жасқа толды көзім.
Бірге ғұмыр кешетін сертті ұмытып,
Менен бөлек таңдаған жолды өзің.

Мен күз сайын сол баққа ораламын,
Кім ойлаған...
Естеліктер жоғалып, тоналарын.
Сенен маған қалғаны алқаларым,
Менен саған әтір иісті орамалым.

Өзің ғана болған өмір-шеңберімді.
Қимастықты, сезімді жеңгенімді.
Жұптасам деп барғанда,
Білмей қалдым
Қоштасам деп сен сонда келгеніңді!

Ол маған жазбайды,
Мен де жазбаймын.
Сезімдер азбайды,
Қосылып жазама қайғым.
Өткен күн енді бұл,
Боламын ұмытқан.
Жайнаған солды гүл,
Жанымды жылытқан.
Өзгерген қылықты.

Қолыңмен жасалды,
Өшірмей үмітті,
Жүремін қашанғы?!
Мазалап несіне,
Мұңайып қамығам.
Уақыттың көшіне,
Амалсыз бағынам...
Көтерем деп қайраймын өз басымды,
Соқырдайын көрмеймін өзге асылды,
Алыстағы жанымды сезіне алмай,
Көрмегенің жақсы ғой көз жасымды.

Сезбегенің күйімді жан, бұл қалай
Тамшылайды көз жанарым құрғамай.
Мәңгі бірге болам деген серт қайда,
Жүрегіңді жүрсің бе әлде тыңдамай?

Өзгермейді екен ғой сезім дара,
Салса дағы жүрекке із. Жанға жара.
Үмітті де қолымызбен өшіреміз,
Ұмытылады деп ойлап бара -бара.

Сезімдерді білдіруге арланамыз,
Уақытша деп бәріне, алданамыз.
Сүймейтінге сүйем деп, о құдірет,
Ойымыздан құрамыз жалған аңыз.

Жүрсем дағы сезімнің құлдығында,
Сезім құрып, кінәсыз қылдым күнә.
«Кешірмесін, жазам сол» десем дағы
Кешірсе екен деп жүрмін шындығында.

Алуан түрлі тағдыр бар адамдарда,
Күмәнменен қараймыз адалдарға.
Басындағыбақытын аяламай,
Қанағатын жасамас адам барға.

Тағдырында кездесер талай сынақ,
Еш жауапсыз қалған бар талай сұрақ.
Қозы Көрпеш-Баяндар кездесе де,
Шын ғашықтар қосылмас дейміз бірақ.

Қоштасу үшін...

Көктемнің соңғы күнінде маған,
Қалайша күнім, жолықтың?!
Қолыма ұстатқан гүлінде ғалам
Бақытпен ғана толып тым.

Күлімдеи қана қарадың
Сосын,
«Неліктен жалғыз жүрсің деп еркем?!»
Жанымды жаралар сыйынды тосын,
Жеткіздің маған кешікпей ертең.

Бақытқа толы бір күнді, бір түн.
Көз ілмей ғана өткізе алдық.
Сөзің де, қара көзің мен күлкің,
Болса да сұрақ сыр толы сандық.

Ақылдың нағыз мекені деп ем,
Сендегі жүрек шынайы, таза.
Қаншалық жаныммен мен жақсы көрем.
Жалғыздық саған берілген жаза.

Сонда да бірақ қоштасу керек,
Соңғы рет айтар сөзімді ұқсаң.
Қоштасу саған кедергі демек,
Бағыңа келмес үшін тек нұқсан.

Байқаған менің жанарымдағы
Қолыңа таққан күмістен жүзік.
Сенімді саған аламын дағы.
Костюміндегі түймедей үзіп.

Жұбатқан сенің алақаныңның,
Алдамшы болған әбігерісің,
Болашақ құрған ала таңымның,
Бәрі де бәрі бәрі құрысын.

Үмітті сәуленің сөнді ме шоғы,
Күтетін барлық жақсыны алдан.
Төремнің енді жанымда жоғы,
Көзімді менің жеткізді жалған!!!

Алғашқы күні қалады жаздың
Есімде менің өшпейтін із боп.
Жаныңда болатын біліп қой аз күн,
Өмірде түрлі ниетпен қыз көп.

Адаспай ғана жарасым тапқан,
Жұбыңмен ғана боларсың деймін,
Тым тәтті болған бақытты шақтан
Есіме менің түсерсің кей күн.

Қоштасып қана қалайық біздер,
Өкпенің бәрін жасырып қана.
Бақытты боламыз деп қана сөз бер
Жол болмас бұл жолы қарсылыққа да.

Адалдық болған арамыздағы
Алдаумен бәрін қираттың неге?!
Қанайды онда жарамыз тағы.
Сондықтан сені қимаппын деме.

Әлі де менде тулайды сезім,
Асығып тұрған бақытым кел деп.
Қимастықпенен дос болған кезім,
Оралма қайта бірақ та сен тек!

Қоштасу үшін жолығып қалайық,
Құшақтың иісін сезіну - тәтті....
Бір уақыт күлумен есімізге атайық,
Бірге өткен қызықты, ерекше сәтті.

Тырсылмен салғанда себелеп жаңбыр ән,
Айтатын жүректе сырларым көп менің.
Телефон, сағатты үйіме қалдырам,
Уақыттың білмеуге зымырап өткенін.

Ертегідегідей хикая бітпеді.
Ертегі қосылып бітетін-аяғы,
Аптаның үшінші күнінде күт мені,
Екеуміз жолыққан сол бақта баяғы....
Ал ендіқоштасар...
Күндер де таяды.....

Мен сізді сүйем..
Неліктен тыңдамайсыз,
Тым болмаса соңғы рет болса дағы,
Қолыңызды бұлғамайсыз,

Бәлкім сізде сылтау ғой жараспаған,
Түнгі аспанды көрдім деу тұрған Айсыз.
Мен сізге өкпелімін,,
Деп айта алмай өзімнен тұншығамын,
Құрғыр жүрек сен бейбақ тыншымадың,
Артқа қарап көңілім мұңаяды,
Тым құрымаса алдымнан күлші бағым...
Кездерім өзіңмен кездескен,
Сол сәтке ешбір кез келмес тең.
Мен үшін жүректе қалатын
Сезімді кеттің бе сезбестен.
Әрине сен басқа, мен басқа
Қатені мен басқан сен баспа.
Сүйеге ерікті бермегін,
Ерікті көздегі бер жасқа.
Сүйгізген сен емес, көздерің.
Қиындық өтер ед, төзбедің.
Уақыт та тұрмайды екен ғой,
Жары боп кетермін өзгенің.
Жанар да әлі де көздерің.

Мен...

Күн өткердім сенімдерді ұмытып,
Ғажайыпты жоғалтқандай тұман көк.
Арамызда болғандарды құрытып,
Саған обал жоқ, менің де кінәм көп.

Сен жаралаған жүрек пен көздің жасы,
Кимастықтың күйімен өзгереді.
Жан жаралар болса егер көздің жасы
Мен емес тек.

Жанында өзге ереді.

Біз..

Бірде тату, бір кезде бөлінеміз,
Артық сөзбен ренжітіп, тандай толып.
Кейбіреуге тым тату көрінеміз.
Кедергісіз күн кешкен жандай болып...

Бірде бар боп, жоғалатын бір демде,
Көлбеңдейтін көз алдымда бейнең бе?
Құшағыңда көп өткізген сәттерден,
Қалды ау мендік сезім иісі жейдеңде.
Сол кездер ай
Аймаласқан... Ай куэ
Сүйген, сенген жан да серттен тайды ма?
Махаббатты қорлап сезіп, таптады,
Қорғансызын тастап ауыр қайғыға.
Нәзік қана жүрегімнен қан тамды,
Жасырамын қайда біздік арманды,
Қалай ғана періштесі сезімнің
Масаттанды, естен танды, алданды?...
Көктем сайын есіңе ал біздерді,
Біздер салған сезім толы іздерді.
Көктем ғана еске салар, ал енді
Сені ұмытар салқын лепті күз келді...

Өкініш

Өкінемін..

Екі жаққа кеткенімізге

Бір бірімізді бақытсыз еткенімізге

Бірге бақыт табамыз деуші едік,

Енді қалай қараймыз өткенімізге.

Мен білмеген жайттарым жатқа мәлім,

Бақты ғұмыр менің де бар қаларым.

Менен саған естелік жырым қалса,

Менен саған естелікке...алқаларым.

Еске алар өткенді естеліктер

Мені саған жеткізбеді еш көліктер.

Ешен кештің ғанибеті болса егер...

Өкінішсіз маған қалқам кештетіп кел...

Мен сені сен мені қия алмастан

Мен де сен де дүниеге сыя алмастан.

Кеше ғана келешек армандап ек...

Бұзды бәрін кезек- ай жиі алмасқан...

Мен және Сіз...

Мен..

Сізді көріп көңілімді жылыттым,

Толқындары тулап көлдей тұнықтың.

Сыйламаймын енді ешкімге деп келген

Сезім атты кілтін ашып құлыптың.

Сіз..

Қайдан ғана жолықтыңыз жолымда,

Серт бердіңіз аялаймын деп қолымда.

Ғайып болып кете аласыз..мен мұнда,

Жүргеімде сізді бақ деп, сорым ба.

Мен..

Бақыт деген кеме күткен пендемін,

Меніменен бірге шықсын. кел демің.

Сөкпеңіздер, әлемге жар салсам мен,

Болмайтындай елде қате, елде мін.

Сіз..

Жаным деумен ерітесіз мұзымды,

Көрсетші деп өтінесіз жүзіңді.

Анасы бол дейсіз ертіп жаныңда,

Мені «әкелеп» шақыратын қызымды.

Сіз...мен..

Қосылармыз тағдыр жазса маңдайға,

Мені аялар өзіңіздей жан қайда?!

Маған жарды, сізге жұбай өмірлік

Тағдырымның жалғыз өзі таңдай ма?!

Сізді ұмытқанмын

Мен сізді ұмытқанмын..

Жанарыма ешбір мұңды жас алмай,

Өкініштен қаша да алмай, аса алмай.

Мен сізді әсте, ұмытқанмын білсеңіз,

Өрттей болған сезім қинап, баса алмай.

Мен сізді ұмытқанмын...
Көкірегімде сайратып батыл үнін.
Жанашырым болмасаңыз, жақыным кім
Мен сізді ұмыттым деп жазып қойдым,
Айналамның бәріне ақырын мың.

Бір Алладан сұрап тәуір көрерімді,
Ұмытумен келемін көне күнді.
Сіздің жаққа жеткізер келген құстар
Менің сізді ұмыттым дегенімді.

Сіз ғана...

Жүрегіме бағыт берер ізді ала,
Еріген-ді бұл сезімге мұз дала.
Кіп-кішкене бөлшегінде тәнімнің
Жүрегімді мекен еткен сіз ғана.

Сізді ойлаумен таң да атады арайлап,
Өкінбеймін бұйырмаса да талай бак.
Сағынғаннан болар бәлкім, күнім сол,
Жүремін ғой сіздің жаққа қарайлап.

Жұбатпаған жанымды сізден өзге,
Көрінеді жан сырым жүз бен көзде.
Сезім деген сиқырға арбалғанмын,
«Сізді жақсы көремін» деген кезде.

Алла білер, не болып, не көреріміз,
Бақытқа бір жетейік,
Кел, еріңіз...
Сағынышты мендегі еселейді,

Сізді ботам сағындым дегеніңіз.
Ұнатпаған көңілім жалған үнді,
Жалғадым мен сізбенен арманымды.
Байқамай да қалыппын, білесіз бе,
Сізді осынша ұнатып қалғанымды.

Болсыншы деп баста бақ пен қолда құт,
Тілеймін мен сізге күнім мол бақыт.
Толған айды, мені көрсем десеңіз
Айлы аспанға қараңызшы сол уақыт.

Ай жүзіндей нұрым сізге төгейін,
Сізді Төрем, ерім десін көмейім.
Маған егер бұйыратын бақ болса,
Сол бақытқа өзіңізді бөлейін.

Қызғанамын..
Қызганышым себепті,
Болғаннан соң сіз қадірлім ер текті.
Менің мына ғұмырымда сіздей жан
Таба алмаспын шарласам да жер көкті.

Өтінемін, түсініңіз сіз мені,
Жақсылықтан қыз үмітін үзбеді.
Жаныңызда жайқалайын жаз гүлдей,
Жапырақтай болмай солған күздегі.

Нүкте қоймай, жалғасам ғой үтірін,
Бұлар менің ойым менен пікірім.
Ботам ,күнім барыңызға жанымда,
Жаратқанға таусылмасын шүкірім.

Жарық нұрым, маған биік шынарсыз,
Аз-ақ сәтке бақытты да қылар-Сіз..

Жүрегімнің түбіндегі мың сырды,
Осы өлеңнен, осы күннен ұғарсыз...

Сізбен ғана

Сізбен жүрсем деп ішінде шеңбердің,
Өзіңізді Төреме де тең көрдім.
Жан атаулы жаза алмаған көңілім,
Ботам деген сөзіңізге емделдім.

Өткеніме өкпе арта алмай кештім шын,
Естеліктер мейлі оралмай ескірсін.
Құлағыма жаңғырықпен жарысып,
Сіздің ғана есіміңіз естілсін.

Жүрегіме салынса да жара сан,
Бақытыма мен дәметіп таласам.
Бір жылулық сезінемін, сезсеңіз,
Сіздің ғана көзіңізге қарасам.

Сенім деген серігімді білмес ем,
Өзіңізбен жолықпастан күн кешсем.
Сіздің ғана еркеңіз боп күн сайын,
Сізбен ғана күлімсіреп тілдессем.

Алғысым көп айтатын бұл қысқа сан,
Елендеймін келеді деп құс қашан.
Тағдырыма көнемін ғой сонда да,
Сіздің ғана қолыңыздан ұстасам.

Қалай айтсам, тең келмейді теңерім,
Сізге ғана шуағымды бөлерім.
Алтыным сол аз көп уақыт болса да,
Сізбен ғана болсыншы бар көрерім...

Жалғызсырап бара ма көңіл мынау,
Сеніміме түскен бе мұзды құрау,
Жанарымнан күлімдер нұр көрсең де,
Жүрек құрғыр тұншығып, жылап тұр-ау...

Боянады әлемнің бәрі сұрға,
Ешкімге айтпай қосайын мұнды жырға.
Шыңнан қанша итерсең де құламаймын,
Көре алмайтын жандарға алтын сырға.

Кешіккен бақыт

Мініп ап бақыт атты кемеме кеш,
Жанарымды арбайды ерек елес.
Сезім атты сикырды жоғалтқан соң,
«Сені сүйем» дегенің керек емес!

Алла білер не кешіп, не көрерімді,
Айта алмаймын енді қайтып келерімді.
Естігім де келмейді, білесің бе
«Сені жаным сағындым» дегеніңді.

Үміттерді ақтамады, байқадым,
Алыс ұзап кеткен менен «Қайт бағым».
Арамызға сызат түсіп кеткен соң,
«Бір боламыз» деген сөзді айтпағын.

Жүрсем дағы жайттың бәрін ескере,
Ой, санамнан шықпадың күн, кеште де.
Жүрегімнің қалды неден көңілі.
Дәл қазірде керек емес ЕШТЕҢЕ!

Бағым ба, сорым ба?

Махаббат азапты, соны ұқтым,
Бағым ба, сорым ба жолықтың.
Өзімді тежеген себебім,
Ғашық боп қалуға қорықтым.

Асықтым, даусына елеңдеп,
Жүректің жарасын көр емдеп.
Батылым бармады айтуға,
Мен сені жаным сол сүйем деп.

Тағдырдан сынақпен сыналсам,
Бақыт қой,
Мен сені бақытты қыла алсам.
Алдағы өмірім белгісіз,
Мен сенсіз күн кешіп, тұра алсам.

Бәлкім сен алладан сый ғана,
Болмаса, бос үміт сыйлама.
Шынайы сезіммен кел маған,
Сүймесең, алдама, қинама.

Жасырын сезімді ел байқар,
Сезімге жауапты сен қайтар.
Қалаймын мәңгілік болғанды,
«Тек менің бақытым» деп айтар!

Күтемін

Күтемін...
Болса деп жол мәнді,
Бұл тілек сол жанға жолданды.
Бақытты басыма үйетін,

Күтемін ерекше сол жанды.

Арбамас алдамшы сезіммен,
Қарайтын сабыр мен төзіммен.
Жүрекке тығылған сезімді,
Көретін еш сөзсіз, көзімнен.

Күтемін...
Бағалы бағымды,
Жаралап сындырмас сағымды.
Ордасын ошақтың отты етіп,
Бұйыртар әйелдік «тағымды» .

Сабырлы сабырмен жеңеді,
Тағдырмен жазғанын көреді.
Бақытты бағыма үйетін,
Мен күткен сол бір жан келеді.
Сол болар бәрінен бөлегі.

Бүлінбегуге сөз айтып құлқымыздан,
Иба мінез көрінер ұлтымыздан.
Жан дүние ойымды білмей жатып.
Тон пішуге болмайды сыртымыздан.

Жүрегім тек сен дейді,
Ешкімді сүйгісі келмейді.
Сөзбенен басқаша десе де,
Жүрегім тек оған көнбейді.

Басқаға..
Бұрылмас көңілім мұнданар,
Ес кеткен жарымдай жынданар.
Азырақ, бір сәтке оңаша,
Қал дағы, жүректі тыңда бар.!!!

Сенбесең..
Сен дедім
Кел дедім.
Жанымды көзбенен көр дедім.
Екі жақ кетсе де үзілмес,
Мен мұндай махаббат көрмедім.

Кім кінәлі?

Мен сенімен бақытты шақ өткердім,
Сырға толы ғұмыр-кітап беттердің.
Сүю.. күйю.. қызғану мен сағыну,
Соларды да маған күнім көп көрдің.

Өзгерген де шығар бәлкім уақыт та,
Кінә тағар кез де келді уақытқа.
Орта жолдан оралған жолаушыдай,
Қалдым тағы жеткен кезде бақытқа.

Менен артық бағаланса ел сөзі,
Көре алмаған қай уақытта ел көзі.
Маған бақыт жолын нұсқар бағдарым,
Бағытымды тоқтатқандай енді өзі.

Бас тартпадым қиын болса да сынағы,
«Кім кінәлі?! Араның бар сұрағы.
Кінәлімін, кінәлісің демей-ақ,
Саған қарай жүрек тартып тұрады.

Мойындаймын...

Мен сенімен бақытты шақ өткердім,
Сырға толы ғұмыр-кітап беттердің.
Сүю, күйю, қызғану ен сағыну
Соларды да маған күнім көп көрдің.
Өзгеріске ұшыраған уақыт та
Кінә тағар кез де келді уақытқа.
Орта жолдан оралған жолаушыдай
Қалдым тағы жеткен кезде бақытқа.
Менен артық бағаланса ел сөзі,
Көре алмаған қай уақытта ел көзі.
Маған бақыт жолын нұсқар бағдарым
Бақытымды тоқтатқандай енді өзі.

Бас тартпадым, болсын қиын сынағы
«Кім кінәлі?»
Араның бар сұрағы.
Кінәлімін!
Кінәлісің демей-ақ,
Саған қарай жүрек тартып тұрады....

Біреуге бар Алла бақ берер,
Күнәсі басынан асса да.
Қайғыдан біреулер жас төгер,
Байлыққа белсене батса да.

Кей кезде өкініш жылатар,
Неге ол бақытты менен деп.
Еңсенді тау екеш құлатар,
Теңіздей төменге тереңдеп.

Кей кезде адамдар жігерсіз,

Шыдамас қиындық төнгенде.
Жылаумен өтті ғой күрең күз
Жыламаймын күз енді келгенде.

Мен сені аядым кешіре,
Өкпемді өзіңе айтпадым,
Сөзіңе сендім мен несіне
Қателік-
жалған сөз айтқаның.

Адамдар қатігез, жүрексіз,
Төзбейді кейде ауыр сынаққа.
Уайыммен мұңайтқан түнек күз,
Мені енді ешқашан жылатпа.

Жылатпа жанарды өтінем,
Ұмытқам мен оның есімін.
Кешірмеймін деп оны бекігем
Алладан болсын деп кешірім.

Бақыттың есігі жақында
Алысқа кетті де оралған.
Жоқ менде жазылған хатың да.
Қоштасып мәңгіге жоғалған.

Бақытты өзгеден таптың ба
Қалдырып өкініш көңілге.
Сен болған есікті жаптым да
Сен жоқсың мен үшін өмірде.

Мөлдірдей таза-мұң жаныммен,
Шынайы сезіммен күн кешкем.
Одан да жүргенім жақсы екен
Өзінді танымай-білместен.

Бақытты сезіну маған да
Алла деп бір күні бұйырар.
Әйтеуір көңіл мен санамда
Жүректің тағы гүл сыйы бар...

Керек жоқ өзіңнен естелік,
Өнемін болашақ жарыммен.
Бақытым қалса да кеш кіп,
Ұзағын сұраймын Тәңірден.
Бір сәуле тағы да көрінді,
Жарқырап жұлдызым тұр,әне..
Кешір деп жаямын қолымды
Айтшы Алла пендеңе,
Кінәм не?!.....

Сені көргенде....

Мен сені көріп, не деуді бірақ білмедім,
Гүліндей болып, жайқалып әсем гүлдедім.
Сезімге сеніп, тапқандай болғам бақытты,
Білмеймін жаным, тағамын енді кімге мін?!

Қолыңда аялар гүлге ұқсадым басында,
Бақытты едім болғанда әркез қасыңда.
Қаншама күндер, аймалар сөздер, бәрі де,
Қалған ба ұмыт боп, жалған ба сезім расында...

Сезімді жаным, ұмыту тез-ақ мүмкін бе,
Мүмкін ғой сірә, алыста жүрсең бұл күнде.
Білмеймін неге шындыққа көнбей жүргенім,
Есімде әлі сөзің де әсем күлкің де.

Ешкімге сенбей өмірде сені таңдағам,
Неге деп, соған да бір сәт таңданам.
Өмірде бірге боламыз мәңгі деп мені,
Сезім бе әлде өзің бе жаным алдаған?!

Сағыныш шығар.

Менің жаным өзіңді сағынуда,
Өткенді енді қайтармас уақыт-сынақ.
Жай көңілім ендігі жабығуда,
Күндерді өткен ойлауда бақыттырақ.

Өзге біреу сені енді ботам десін,
Ал сен менің жанарым, көзімде отсың.
Ессіздейін шығады жатарда есім,
Қайырлы түн айтатын өзің жоқсың.

Бізде сезім болды ма,
Білесің бе?
Ел көргенде қызығар, қызғанатын.
Енді сенде, менде жоқ күш күресуге,
Ессіз қадам жасауға жүз баратын.

Қимағанмен кедергі көп қарсылық та,
Екеумізді айырған жыл, айлар көп.
Кездесейік тым құрыса жақсылықта,
Кездеспедік күндерде жұбайлар көп.

Қосылмау шығар.

Еңсемді түскен көтерем,
Сынағы деумен тағдырдың.

Қолыңнан ұстап өтер ем,
Жолымда жалғыз қалдырдың.

Беймаза күндер өтуде,
Сабырды жанға сая ғып.
Бақытты бізді етуге,
Бақытты шақтар таянып.

Келеді деген үмітпен,
Бір күнді күнге жалғаймын.
Сен мені, мен сені біліп пе ем,
Мендегі бұл сезім жан қайғым.

Жетелеп мені жұптасып,
Жүреміз деуші ек..
Арман ай..
Келешек күнге нық басып.
Шақтар да елес боп қалғаны-ай.

Жаныма сабыр төзімді,
Құямын..қалмасын қаңырап.
Босатам, қайтейін өзіңді,
Кешіргін , ренжітсем азырақ.

Періште мен емес, сен емес,
Күнәлі,кінәлі екеуміз.
Тағдырмен жолыққан тең емес,
Шын ғашық қосылмас екенбіз.

Еңсемді көтерем, тұрамын,
Бітсе де күш қуат, құрып әл.
Болса егер маған бір сұрағың,
Жауабын көзімнен ұғыш ал!

Бар боламын өмірде... күмәнданба

Мен енді жыдамаймын...
Жылатпасын,
Көтере алам бұл жылдың сынақ басын.
Арманым бар, көп тіпті біреу емес,
Соған жетер еңсемді ешкім құлатпасын.

Мен төземнін...
Төзімнен сабырым бар.
Арманыма жеткізер арыным бар.
Сынағы мол тағдырдың жаңбыры көп,
Сәттерімде жанымнан табылыңдар.

Мен жиямын есімді...
Ойланамын,
Бұзам шексіз жаулаған ой қамалын.
Әлі алда Алла қалап жетер саған,
Қуанышымды мольнан тойлағаным.
Бар боламын өмірде... күмәнданба....

Қоштасу

Кете бер...
Артына қайырылмай өте бер.
Үмітім менің де өтелер.
Сен өзге бақытты қаласаң,
Ойланба!
Ойға алма!
Кете бер...

Кете бер..
Керегің сол болса,

Үзілер арада жол қалса.
Мен-ақ сол жоқ болып кетейін,
Өзіңе смс жолданса.

Кете бер..
Қалауың белгілі,
Бағыңның баяғы мен гүлі.
Тамырым үзіліп сендегі,
Көктейін бағымда ендігі.

Кете бер..
Ұмытам жылдарды,
Кеудемде не сезім күн қалды.
Мәңгіге қаралы деп білем,
Биылғы ақ қысты, бұл қарды.

Кете бер..
Көрмесін көздерім,
Құлақта соңғы айтқан сөздерің.
Жанарға жас толса мендегі,
Бағынды ашады өзге кім.

Күтпегем мен сенен сөз берер,
Сананды уласын өзгелер.
Кете бер...
Күлімде... Әлі алда
Мен сені ұмытар кез келер!

Улап қояр тәттімің...

Мен жеткізе алмаған соң ішімде,
Сақталады жегідей жеп ой мына.
Кеше ғана сізді көрдім түсімде,

Сезім сонда бәрін айтып қойды ма?!

Жасырып ем..

Жасырынға шектеу жоқ,

Қыз басыма тәкаппарлық тән белгі.

Қалмасын деп сізден сөзім көптеу боп,

Тоқтатсам ба жыр арнауды әлде енді?!

Сізден қадам

Менен уақыт бәріне,

Беру үшін жауаптардың нақтысын,

Мені осынша ой қинаудың мәні не

Бәлкім мені улап қояр тәттісің...

Үндемей ғана

Үндемей ғана...

Үндемей сезім жеткізем,

Мен солай сені бақытты жаным еткізем,

Жүзіме менің қуаныш жалған өрнектеп,

Не деген ауыр, не деген емсіз дерт күз ең.

Үндемей ғана,

Үндемей сені ұнатып,

Шықпаса дағы мұнымнан енді сірә түк.

Екіге кетер айырылар жолдар бөлініп,

Сезімді болмас болмайтын жаннан сұратып.

Өмірдің өзі бір кино

Көмейден төгіліп маржан сөз,

Жылулық салтанат құрады.

Тек сізге үйреніп қалған көз,

Ашқаннан сізді іздеп тұрады.

Мен сізді ұнатып қалғанмын,

Түнгі ойлар еркіме қоймайды.

Көзіме өрнегін салған мұң,

Жүрекпен сезіне ойлайды.

Кінатау күнәсіз, себепсіз,

Жаралап жанымды күніге.

Сіз маған... сіз күнім керексіз,

Өмірді жұмақтай сүруге.

Түсініп, кей кезде жатсынып,

Жанарға жас тұнар, сезесіз.

Ал кейде ұялап жақсы үміт,

Бақытқа жеткізер межесіз.

Түсінем, ойлайсыз тереңнен,

Ой деген ғұмырдың дәптері.

Өмірде болмайық көрермен,

Болайық шынайы актері.

Ойымда қалғаны...

Ойлағанмын...

Сен өзгеден бөлексің,

Өзгешесің, құлқың басқа, ерексің.

Бір Аллаға ғана сеніп өмірде,

Ешкімге де сенбеу керек демек шын.

Саған деген сезімдегі ұшқынмен,

Махаббаттың балын, уын іштім мен.

Көңілімді қалдырғансың сол күні,

Мұздай суды құйғандай ғып үстімнен.

Жүрегіммен сенімді едім, күмәнсіз,
Бұлттай болып төнген жүрек-тұман, сыз.
Адалдықтан бодың алыс неліктен.
Болғаным ба тым сүйкімсіз, ұнамсыз?

Ғажап ғұмыр көз алдымда ұзады,
Көңілімді естеліктер бұзады.
Екі жылды өткеріп ап, бүгінде,
Нүктеленді қуаныштың ұзағы.
Арамызда шын сезімдер болды ма,
«Сүйемін» деп махаббатты қор қылма.
«Жаным маған керексің» еп айтшы сен,
«Сені сүйем» деген сөздің орнына.

Жанарыма тығылып тұрар тамшы,
Бір соңғы рет кешірімді сұрап
Қалшы...
Көмейімді өксігім толтырса да,
Езуімде күлкім бар бір алдамшы...

Үмітім менің

Ұмыта алмай, өзің шықпас ойыңды,
Бір уайым бар билеп алған бойымды.
Арман шіркін, өзіңменен бір сүрер,
Армандап ем бақт атты тойымды.

Жасырумен келдік бәрін өзгеден,
Желден жылдам қауесет де сөз деген.
Екі көзім соқыр болсын одан да.
Көргенімше сені жаным өзгемен.

Шыдаймыз деп ек дауылға да, боранға,
Алдаусырап, жалғандыққа оранба.
Сені өзгемен дегенді естігенше,
Керең болсын құлақтарым одан да.

Жетеледі мені алға жанды үміт шын,
(Бар ләззатпен тәнімді қандырыпсың)
Сенен өзге адамды сүйгенімше,
Жүрегім сүю дегенді мәңгі ұмытсын!

Өнермен оттай лаулап жалындарсың,
Жанымда өзің, тәнің, жаның қалсын.
Жапырақтай үміттің үзбе бірін,
Әйтеуір, дұрыс шешім қабылдарсың.

Қайта оралып, қуанышқа бөлерсің,
Көздерімнен ғашық отын көрерсің.
Бүгін қиын болған күндер ұмытылып,
Ұрпағымыз үшін бәрін жеңерсің.

Үмітіме.... үміт шоғын бересің...

Мендегі сезім...

Өткен қайтып келмейді,
Жүрегім бәрібір
Сені ешкімге бермейді.
Сені сүйгенім үшін
Күтіп тұрса да көр мейлі,
Айтқаныма сенбедің.
Екі көзім өзгені
Қианасам да көрмейді,
Арамызды ойлаушы ем

Махаббатым тұрғанда
Өзге ештеңе бөлмейді,
Қазір міне бәрібір
Жаным бүтін болмай еш
Сені іздеумен шөлдейді.
Бірақ саған айтарым,
Мейлі кеттік екіге,
Сонда дағы бұрынғы
Оттай сезім сөнбейді.
Сені сүйген қу жүрек
Күнахар мен болсам да
Ұмытпастан сені еш,
Мен өлген соң болмаса,
Менен бұрын өлмейді.

Мөп-мөлдір көздеріңнен сыр ақтарам,
Жауап ешбір болмайды бірақ маған.
Өмір мәнсіз болады екен бірақ,
Еш сүймеген адаммен, ұнатпаған.
Кейде күмән басады санамды да
Жүрегіме ауыр сөзің қадалды да.
Қорқыныштан, үрейден шығар бәлкім
Үйренеді қылуды адам дұға...

Сені күтем...

Сағынғанда сағыныш боп келмедің,
Мөлдіреген жас тамшысы жанарда.
Сағым-мұңның бесігінде тербедің,
Сені жаным енді ұмыта алам ба?

Сені күтем..
Күтем сол бір көктемді.

Қыдырумен аралаған бақтарды,
Еске аламын бақыт толы өткенді,
Бірге өткізген естелік мол шақтарды.

Қуанышым, тез оралшы қасыма,
Жарық нұры жанарымның көздегі,
Күтудемін жаным сені асыға,
Қалай ғана қалар жүрек өзгені.

Сені күтем...
Күтем бақта баяғы,
Жапырақ боп жайылады жүрегім,
Ақ арманым құшағын кең жаяды,
Сен келерсің, келеріңді білемін..
Үнсіз ғана сені күттім, тіледім...

Сырласу

Күз..
Сары шәлі тағынып ап, оранды,
Сағынышын баса алмастан оралды.
Ал мен болсам жанардағы жасты іркіп,
Әлі күнге жазып келем сол әнді.

Жапырақтары шашу болып жауады,
Жаз сұраған жанның дертін табады..
Көптен күткен бір жақыным келер деп,
Менің көңілім көкжиекке ауады.

Мұң қапшығын сүйретеді артында,
Көзді арбайды малынғандай алтынға..
Сен алғаш рет жолықтырған бағыңды,
Күзгі бақ та сол баяғы қалпында...

Естеліктер сағым болып бұлдырар.
Айлы түнде сырласатын түн-тұмар..
Күңіренген боз інгеннің кейпінде..
Мұң сыйлауға неге бұл күз тым құмар???

Қыс...

Аппақ қармен салады әсем өрнегін,
Ғажайыпқа бөлейді осы көргенім,
Жердің бетін сұлулыққа бояп ап,
Көрдіндер ме қардың еріп, өлгенін?!

Тағдыр жатыр сол бір аппақ қарда да,
Сызат түспеу болмас таза арға да..
Сапырылған із жатқандай кей жерде,
Ақтың ізі болар әсте қарғада...

Қаһарына мініп алып, бораған
Құшақтағы мейірімді тонаған..
Салқындығын сезінсе де кеуде бұл
Тілеп жүрер, болсыншы деп сол аман...

Торласа да қырау-өрнек жүзімді,
Үміттерім дей алмаспын үзілді.
Аппақ болған ізгілікті сыйла да,
Қар үстіндей салып кетпе ізінді...

Көктем...

Күлімдеген жанарларды еріткен,
Көз алмайтын күйге түскен көріктен.
Махаббаттың мауысымы бұл көктемді.
Білмеймін мен, жақсы көрем неліктен?!

Мұңмен егіз болса дағы көктемім,

Көктеміме жазарым да көп менің.
Жүректерге сезім сыйлар көктеммен,
Жалғасады бүгінім мен өткенім.

Сұлулықты іздеп жүрер көзімді,
Шын ғашықтық күтіп жүрер кезімді..
Жүрегіме қонақ болып ұялар.
Жақсы көрем.. көктемдегі сезімді.

Жанарым мен жүрегімнің қимасы,
Мұң сыйламай, көпке кетпе, «Сүй!Қалшы..»
Көктем,көптен күткен маған бір ғана
Шын сезім мен гүл сезімді сыйлашы...

Жаз..

Гүлге оранған жайнатады жанымды,
Таңғажайып еткен атар таңымды.
Көкжиектен күн күлімдеп оятар,
Құлағыма сыйлап нәзік, бал үнді.

Жадырайды жанды ұмытып бар санам,
Өмір деген сұлулыққа тамсанам.
Күндерімнің тізбегінде мен әсте,
Жайсандықты күткен екем, аңсағам..

Құлпырады раушан толы құшағым..
Мен биікке ұмтыламын...ұшамын.
Көктемімде келем деген сол жанды
Күте білем, жаз келеді...құшамын.

Мен қайсымен сырласуды білмедім.
Қыс, көктеммен, жаз,күзбен де біргемін..
Мұңмен, гүлмен,ақ қарымен,сезіммен
Көмкерілсін менің Тағдыр,күндерім...

Білесіз...

Сыпайы сөйлеген сөзіңіз
Тас болған жүректі емдеді.
Күн кеше жолыққан өзіңіз
Білесіз
Мән-жайды мендегі.

Жанармен тілдесіп сыр ғалам,
Көзімнің алдынан кетпейді.
Тағдырды жоспарын құрмаған
Білесіз
Бір Алла реттейді

Шын бақыт өзгеден көрмеген
Жүрегім-аманат! ал кел де..
Бойымды, ойымды мендеген,
Сан түрлі мың кедергі бар менде.

Өзгеден көңілім құлазып,
Қорқыныш биледі бойымды.
Сондайда жаныма жыр-азық,
Соңында көп нүкте қойылды.

Ғұмырдың қаттысын, тәттісін,
Қалайша реттеуді білесіз...
Жоғалып, оралар ақ құсым,
Кей кезде жанымда жүресіз.

Сахна мен театр... қойылым
Ұқсастау біздегі тағдырмен.
Сезімнен жасаған ойының,
Бөлектеу сияқты әркімнен.

Мен енді сізге жыр сыйлайын,
Қоштасу бәрібір болады.
Жүректің мың түрлі шимайы
Білесіз, жүректе қалады...

Өшіре алмаспыз өкпені
Әуреленбейін текке мен.
Білесіз, құр сөзбен көп менің
Жыныма тигенді жек көрем!

Жаныма асықсаң, елеуреп,
Қинама!Қиналма! Оралшы!
Сүймесең, ойламай егер де,
Жыныма тиместен жоғалшы.

Екеумізге бір әлем.

Жаңбыр...
Тамшылайды төбемнен нұрымдайын,
Меніменен жылап тұр ма күрең күз
Алақаның тым суық, жылынбаймын
Жүрек -мұз.

Тағдыр...
Қосылуды жазбаған деп мұнайып
Жылытайын мен өзіңді күнше..
Кел, біз екеуміз тағдырымнан сұрайық.
Білсе...

Сізге....
Жанарыммен қарайлаймын ,сезсеңіз

Батса дағы жаныма сөз боп тікен..
Бір болуға , бір бақытпен келсеңіз
Күтем.

Мен де...

Асығамын алып ұшып сіз жаққа
Тездеп атса деп тілеумен таңым.
Біздер қайта оралайық күз баққа
Жаным...

Қараңызшы...

Құстар көкте бізге ұзақ қарай ма?
Бақытыма ортақ болам дегендей.
Мен келемін, жолға шықпа жарай ма
Елеңдей.

Сынақ болар, төзерміз, амал нешік,
Қосылмайтын ғашықтар кешіп күйін
Жүре алмаспыз жат жандай сәлемдесіп.
Қиын...

Жанардағы жасымды кеп құрғатшы,
Көздің нұры суалар ма күні -түн
Маған күнім, еркелеумен тіл қатшы,
Үмітім.

Жыламайық,

Келер бақыт біздер жаққа асығып.
Махаббатым бізді енді бір сынар.
Боранды қыс күндерден соң басылып.
Күн шығар.

Жібермеңіз, айқасқан алақаным,
Жаныңыздан кетпейін, еркің болсын.
Мен сізді бақытма балағаным
Сертім болсын.

Айырмасын дегендей жүрек берік,
Босатып ап, уақыттан кеш қалмайық.
Арамыздан күн өтіп, жыл өткеріп,
Еске алайық.

Екеуімізге бір әлем, тағдыр сыйы,
Көз тимесін, сөйлемейік кейде көп.
Қараш күнім, керемет жаңбыр биі,
Тұрған бізді бейнелеп...

Мен сізді ойлағанмын, ойлаймын да,
Неге екенін білмеймін, қоймаймын да.
Жанымды жадыраған жылатады,
Құрғыр болған бір сезім тоймай мұңға.

Ойлағанмын, ойымның шектеуі жоқ,
Кітап болған сол ойдың беттері көп.
Ораларсыз... Сенемін.. тағдырымның
Қайта оралар мекеніне кептерім боп...

Қиындықтан таусылмасын төзімің,
Сене білгін шындығына сөзімнің.
Жүрегіңнен орын алған адамнан,
1 сәтке де ажыраудың өзі мұң.

Қашықтықпен сыналады кейде ара,

Үнсіз сезім елең етер жай ғана.
Арамызға уақыт салып тым ұзақ,
Бізді қайта табыстырар қай қала?!

ІІІ ТАРАУ

**«ЖАҚСЫ ТІЛЕК АЙТСАМ ДЕЙМІН,
АДАМЗАТ!»**

Әкеге

Ең жақсысын айтып бүгін тілектің,
Өздеріңе арнап өлең жыр еттім.
Амандықты тілейміз біз әкей мен
Иесіне бізді туған жүректің.

Құтты болсын қуанышты күндерің,
Қуанышын сыйлай берсін күн керім.
Біздер үшін таптырмайтын зор бақыт,
Арамызда өздеріңнің жүргенің.

Келбетінде тапқан сәні жарасым,
Бойымызға ізгілікті саласың.
Жаны ерек, дара туған өзгеше .
100 жасаңыз мені туған анашым!

Ұрпағыңыз ақ борышын өтесін.
Әке деген құрметке тән бақ есім.
Маңдайына бізді қойып өсірген
Аман жүрші асқар таудай әкешім!

Сұрағанда қолым қақпай әперген
Іздерінен тәлімді ұл-қыз, бақ ерген
Қолдаушым мен қорғаушым да әрқашан
Кімдер жақын анам менен әкемнен.

Бағасын да біліп өмір, барында
Қарттық атты қамауға да алынба
Шалқып-тасып жүріңіздер марқайып.
Немере ме жиендердің жанында.

Тілегіміз осыменен бітпейді,

Бұл сыйымыз сізге көптік етпейді.
Ең бастысы денсаулығың зор болсын
Ал қалғанын Алла өзі реттейді.

Анашымның туған күнінде

Бір мен үшін жарық еткен ғаламды,
Еңбегіңмен жеткіздің әр балаңды.
Тағдырымның сыйы болып келген жан,
Құттықтаймын туған күнмен анамды.

Сен туғанда бәйшешек те гүлдеді,
Қуаныш қой анам бірге жүргені.
Бағып, қағып өсірдіңіз анашым,
Рысбек, Толқын, Айбатыр мен бір мені.

Нұрыма менің...

Өмірім тәтті, жүрегімдегі жүрекпен,
Өзіңмен менің жаным да бір, бір өкпем.
Өзіңсің менің күнімді жарық нұрлы етіп,
Мұңайсам дағы қуантып мені тірі еткен.

Жанымнан алыс жүрсең де менің батырым,
Өмірге жалғыз әкелу болсын жат ырым...
Бірақ та менің жатғыздан емес айналам,
Тәубе етем соған Аллама әркез ақырын...

Болғанын аман
Күш қуат маған береді,
Бақытты боламыз
Айналам соны әлі де жаным көреді.

Бастысы атан, әженмен болсы дін аман,
Болғаның аман осы ғой маған керегі.

Анашым деп айтар маған хош үнмен,
Өсе берші қалмай уақыт көшінен,
Ұмытпаймын төрт жыл бұрын ана еткен,
Шығармаста сол күнімді есімнен.

Жазсын саған Тәңір ғұмыр ғасырды,
Аман етсін періште ұлым басыңды.
Құттықтаймын!
Жаныңда боп өзіңмен
Бүгінгі күн 4-ке толған жасыңды.

Бөлшегісің отбасы атты бөлменің,
Бір өзіңсің қызығым мен ермегім.
Ал құлыным, ата-әжеңнің жалғасы.
Әрқашанда қуанышым бол менің!

Нұрмұхаммедке

Сен тәттісің шекерден де, балдан да,
Сен болған соң менде арман қалған ба?!
Сені өсіріп, жеткізейін бастысы
Сендей бақыт табылар ма жалғанда.

Балапаным, қимылыңнан биіңнің,
Мерекесі өзіңсің ғой үйімнің.
Сендей бақыт сыйлағанға шүкір деп.
Жаратқаным -Тәңіріме сыйындым.

Жүрісіңнен айналайын, балқиын,
Қуанышқа күлкіңменен толды үйім.
Өнеріңмен өрлей бергін биікке,
Балапаным, баға жетпес томпиым!

Өмірімнен өзіңменен бақ таптым,
Көз тимесін, кетпейінші мақтап тым.
Балапаным, ата -әженің еркесі,
Құттықтаймын, мерекеңмен тәп-тәттім.

Мейлі «анашым», мейлі «көкем» десең де
Өзіңменен «тәтті» бүгін, кешем де.
Алла саған ғұмыр берсін бастысы
Алла қалап бақыт тойлар көшемде.

Ата- әжең сені көкке көтерер
Армандарға жылдан жылға жете бер.
Сен азамат , ақылды боп ер жетсең
Ата-әжеңнің ақ еңбегі өтелер....

Сен жарығым..
Пайғамбармен аттассың,
Бағасы жоқ, мәрмірдейін ақ тассың.
Сүйкімдісің, еркесісің анамның
Жаратқаным сені күнім сақтасын.

Бағыма бергені Алланың,
Бермесін басыңа Алла мұң.
Бақытқа болайық біз лайық,
Табамыз ИншАлла қалғанын.
Қандайсың..

Өмірімді тәтті еткен балдайсың,
Қиындықтың бәрін бәрін жеңуге,
Алла өзі маған берген жандайсың.

Бөлексің...
Сынақтардан өтуіме көмексің.
Сан сүрлеуден қорғап жүрген алтыным,
Менің жаным періштемсің демек шын.

Бағымсың..
Мөлдір көзді, тәтті сөзді лағылсың,
Алқа болып Алла жар боп өзіңе,
Өмірдің бар жақсылығы тағылсын.

Гүлімсің, сүйкімді солмайтын,
Жыр етін, ел-жерін толғайтын.
Әнші бол көмейі шырқаған,
Халқына ән жырын жолдайтын.

Азамат бол өсіп, ер жетіп,
Серік бол жаныма қолдайтын.
Батыр боп өсе бер , бөбегім,
Қазақтың ұлы бол, қорғайтын.

Бір Алла өзінді жіберген,
Бақытым болуың үшін де.
Арманым нұр ұлым бір өзің
Жүрексің жүректің ішінде.

Туған күніңмен, досым

Дара атымен ерекшелеп ел ішін,
Бақыт артып, жамандықтар кемісін.

Қарлы қыстың ақпан айы желпініп,
40 жасты ала кепті сен үшін.

Ал, Асемкүл!
Құтты болсын бұл уақыт,
Қойған менің қаламымды жырлатып.
Өлшеуі жоқ мына жалған- фәниде,
Өмір сүру- білесің ғой, бір бақыт.

Бір басыңнан азаймасын бақ талай,
Бүгін сені қалай кетем мақтамай.
Ең әуелі,болсын аман анашын
Бақ таппассың ана еңбегін ақтамай.

Беткейлігің болса дағы бөлексің,
Достарың бар келген бүгін елеп шын.
Басқаларға білмеймін-ай, бірақ та,
Ұмытпа еш, біздер үшін керексің.

Өмір сынға ала берер әлдіні,
Қиналғанда есіңе әркез ал мұны.
Жарты ғұмыр таяп қалды, тілерім.
Мәнді болсын ғұмырыңның әр күні.

Ауырма еш, амандықта жүр дәйім,
Мұңайтпасын сен ешқашан бір уайым.
Мен жыл сайын сенің туған күніңде,
Тілек жазып, дәл осылай жырлайын.

Жұлдыз жанып, ашылсыншы бар бағың,
Ғұмырыңнан өз еншіңнің ал бәрін.
Күлімдеген жүзінді еш мұң шалмай.
Орындалсын қалау, тілек арманың.

Бұлтсыз болсын, жарық болсын аспаның
Енді 40 жетті міне, қас-қағым.
Аман жүрсін жаныңда әркез табылар
Шашбауыңды көтеретін достарың.

Бақшаң толы болсын байлық үйілген,
Тек қуаныш тойлансыншы үйіңнен,
Қимастықпен қоштасып жүре берші
Достарыңның ортасында сыйыңмен.

Білем талай мақсатың бар ойыңда,
Елден ерек бар болмысың бойыңда.
Алла қалап жүздесерміз әлі де,
40-ты екі еселеген тойыңда.

Менің орным бөлек саған, білемін,
Болмасам да кейдеқолдау, тірегің.
Барша достар атынан айтарым сол,
Мәңгі үзілмес достық болсын, тілегім.

Жұма күнгі тілек

Жүзімізді құбылаға бұрамыз,
Жаратқанға шүкір дұға қыламыз.
Мұсылман бар, ағайыным ниеттес,
Мүбарак болсын қасиетті Жұмамыз!

Қуанышқа балап әрбір күнімді,
Кәлимаға келтірейін тілімді.
Қолым жайып, бір Аллаға сыйынам,
Қабыл болсын, дұға -тілек бүгінгі.

Бауырым Жігер 1 жасқа толғанда жазылған тілек

Құтты болсын туған күнің батырым,
Өсіп келесің, аман есен ақырын.
Бүгінгі күн жасқа толған күніңмен
Құттықтайды нағашыдай жақының.

1 жасыңмен, біздің тәтті балақай,
Қуаныштай той тойлайық, алақай.
Нағашы ата-әжеңменен сыйлайды,
Ойыншықтан құралатын «ала тай».

Еркелетеміз, талмастан бір таңдай -жақ,
Ата-анаң үшін сенсің қандай бақ.
Азамат боп ер жете ғой еркешім,
Тәтті қылық, тәтті шекер, балқаймақ.

Ақын болғын елді аузына қаратар,
Келешегің жарқын болсын, таң атар.
Қуанышқа жетелейтін ұл боп өс,
Жалайырдай ұл ұрпағын таратар.

Қадамыңа гүлдер жайнап, төселсін,
Елден ерек дара ғұмыр кешерсің.
Қажырлы да қайратты бол ИншАлла,
Жігер деген атқа лайық өсерсің.

Әлі естірміз былдырлаған сөзіңді,
Көреген бол, шыдамды бол, төзімді.
Анашыңның бауырлары біртуған
Нағашыларың құттықтайды өзіңді.

Нұрмұхаммед 3 жасқа толғанда

Тағдырымның таң арайын жақтың шын,
Ғұмырыма нұр сыйлаған бақысың.
Аллах өзі қалауымен жаратқан,
Құтты болсын туған күнің ақ құсым.

Азамат боп, өсіп жетіп, жай өркен,
Сымбатты да боласың ғой сен көркем.
Құтты болсын туған күнің балапан,
Еліміздің мақтанышы бол еркем!

Саған қарап, қамқоршыларың мақтансын,
3 жыл бұрын кішкентай боп жатқансың.
Маңдайларына сені қойып өсірген,
Ата-әжеңнің үміттері ақталсын.

Анашым!
Ақ жаулық, аяулым,
Өзіңсіз жалғызбың, жаяумын,
Әттең-ай, жаныңа батады,
Көңілге салғаным қаяу-мұң.

Барымыз бір өзің, бағасыз,
Ошақты өшірмей жағасыз.
Дүние қараңғы қапастай,
Ай нұрлы ардақты анасыз.

Аллахым!
Анадай ұлының,

Бала ауыз бір тентек нұрымын.
Бағасыз байлығым-анамның
Ұзақ қыл Жаратқан ғұмырын!

Асылымға тілек

Тілек айтар кезде келді түйіндеп,
Мерекелі сәттің көңіл күйінде.
Себебі үлкен мереке ғой бүгінде,
Ардақ атты жездеміздің үйінде.

Шыққандай боп өтен жылы гүл басқа,
Өтті бір жыл және бүгін күн басқа.
Туған күнің құтты болсын, Асылым,
Толдың міне Алла қалап бір жасқа.
Үлкендердің берсін ұзақ ғұмырын,
Биік болсын таудай талап тұғырың.
Сабырлығын берсін саған әкеңнің,
Жібектейін нәзік болсын қылығың.

Жайдарлығын берсін саған ағанның,
Еңбекқор бол жалғасындай апаңның.
Сұлулығын сыйға тартып анаңның,
Нұры жаусын ИншаАллаһ саған Алланың.
Ағалардың берсін саған ерлігін,
Нағашының алғай жайсаң кеңдігін.
Аллаһ өзі сыйға тартқан бір жасқа,
Қадам бастың «бісміллаһ» деп сен бүгін.
Сені айтамыз періштенің бірі деп,
Періштедей жүрсең мәңгі күлімдеп.
Әкең сені аяласа ботам деп,
Анаң сені ерелетер күнім деп.

Қызықпенен өтсін өмір уақытың,
Сыйым осы, менің өлең жақұтым.
Бақыт деген сөзге бәрі сыйса егер,
Тілегім сол, ұзақ жансың бақытың.

Маманың туған күнінде

Қатарласқан Наурыз - жаңа жылымен,
Жан ұшыра келем құшақ гүліммен.

Жүрегіммен құттықтаймын былайша,
Маматайым, Ана, туған күніңмен,
Мен асыға келем құшақ гүліммен.

Ақ гүлісің өмірдің сен гүлдеген,
Мен бір жүкпін жайнаған сол гүлменен.
Бұл өмірдің ақ пен қарасын
Сен болмасаң болған едім білмеген.

Ана сенсің аппақ гүлім гүлдеген.

Жырыммен ғажап жүрете атың басылған
Айырылмасам деймін өзіндей анам асылдан.
Сен де анашым құлындарыңды ұмытпай
Жанымда жүрші, кетпеші алыс қасымнан
Есімің ана жүрете мәңгі басылған.

Бағымсың ана, Алланың маған бергіні,
Болсада қиын өмірдің жазу өрнегі.

Уақытар өтіп, жылдардан кейін ендігі
Болсыншы зейнет анамының менен көргені.

Әкешім-асқарым, анашым- кең саям (50 жасқа)

Адамға әке деген керек екен,
Ақылың өміріме көмек екен.
Жарты ғасыр асырған мына тойың,
Әке сенің әркез орның бөлек екен.

Биік шыңға жетеледің өрлеттің,
Тірегісің асқар тауы әулеттің.
Арамызда анамызбен жүре бер,
Керегі жоқ өзге байлық дәулетің.

Сен панасың, саялаған баласы,
Ана-әке, өздің ағы-қарасы.
Өмірінде жұптары еш жазылмас,
Әке-ана жүрегімнің дарасы.

Бақ-береке кетпесін тек қолыңнан,
Оңыңнан ай, тусын күнің солыңнан.
Аталаған немерелер жаныңда,
Аллам саған бақыт берсін молынан.

Қосағың да анам сенің тірегің,
Айша сенің аланышың, жүрегің.
Бір Алладан 60 жасты ИншАллаһ,
Аман-есен тойлауыңды тіледім.

Жүргейсің тек күлімсіреп көңілдеп,
Адал-дағы болсын жүрек пейіл тек
Мәнді ғұмыр жасандаршы деп тілеп,
Жаратқаннан сұрайтыным мейір көп.

Құрбым Алтынайға

Жоқ екен достықтың өлшемі,
Мұңайсам, көтертгің еңсені.
Қанша жыл бір жүрдім өзіңмен,
Жан досым қимаймын мен сені.
Достықтың қадірін бағалап,
Жүрдік біз бар жерді аралап.
Бәрінде оп-оңай ұмытып,
Кетпеші жүректі жаралап.
Барымды берейін әкеліп,
Жүрсін тек артыңнан бақ еріп.
Ештеңе ойланбай жасасам,
Кешірші кетсе егер қателік.
Бұл достық біреуді жылатар,
Біреуге тіреу боп жұбатар.
Қаншама қиындық болса да,
Бәріне көндіріп шыдатар.
Бұл достық кейде алдап,арбайды,
Кейде шын ниетті жалғайды.
Алдамшы ,бір сәттік болатын,
Кей достық ұзаққа бармайды.
Шын достар бәріне көнеді,
Дос десе жанын да береді.
Өмірдің қиындау сынағын
Бірлік де, достық та женеді.
Тез келер сыбанып білігін,
Шын достар өмірде тірегім.
Арамыз алшақтау болса да,
Бәрібір сені іздейді жүрегім.

Құрбыға тілек

Бүгін сенің күнің ғой, асыл құрбым,
Көздеріңнің бұлайжы жасын бұл күн.
Қадам басқан өмірің бақыт сыйлап
Бал-бұл жайнап жүзіңнен кетпес күлкің.

Ақылды бол, асыл жарын сыйлаған,
Құрбым өзің, жатқа көңіл қимаған.
Сыйлы болғын қайын-жұртың , еліңде,
Бар жақсыны маңайына жинаған.

Анаңдай көр,қосағыңның анасын,
Сен де оған келін емес, баласың.
Өмір заңы- әйел, ана бақыты,
Қыз жат жұрттық деп, ұзатылып барасың.

Әке- гүлің, анашың- күнім деген
Балалық та өтті ғой білінбеген.
Ғұмырыңның бақытты бал шақтары,
Көріңсінші көзіңнен күлімдеген.

Ата берсін таң күліп көкжиектен,
Жарыңа- ұл, ол саған гүл сый еткен.
Бар тілегім жақсылық атаулы ғой,
Құрбым саған тым таза, шын ниетпен.

Әнші Нұрболат Абдуллинге тілек

Бүгін міне кеш тағы, күн де бөлек,
Әніңменен ғажайып үнге бөлеп.
Басқа-басқа, әндеріңіз ішіндегі,
«Сүйгенің қайда» деген әнің тым керемет.

Марта тәтенің туған күнінде

Құтты болсын, қадамыңыз Ақжалыма,
Әннен шуақ шаштыңыз жан-жағыма.
Қазақтың қарапайым нар баласы,
Дақ түспесін пәк көңіл, ақ жаныңа.

Көп күттік келерінді шын ниетпен,
Көңіл шіркін ән толмас тиек деген.
Сізге арнаған осы бір өлеңімді,
Дұрыс болмас өзіңізге сый етпеген.

«Ақ жеңгем» деп жеңгеге ән арнағаның,
«Дейсің, дейсің» деп сезімнен қалмағаның.
«Лала гүлдер» құшаққа толып, аға,
Орындалсын өмірлік арман әнің.

Қалыс қалмай қошеметтен ағайынның,
Шамын жақсын маңдайдағы арайыңның.
Мейрамбектің жолын берсін ел сүйетін,
Қазақ өзі бағын жаққан талай ұлдың.

Өшпесін алау жаққан ән-үніңіз,
Толы болсын шаттыққа көңіліңіз.
Алла берген сый осы- ғұмыр жолда,
Ұзақ болсын өнер мен өміріңіз.

Халқыменен өнерпаз өнеді тек,
Қошеметпен сізге алғыс береді тек.
Нұрболат аға, Тәңір жазып тағы алда,
Күтеміз, Ақжалға осы келеді деп.

Сапарыңыз сәтті болсын, тілек сокқан алақаннан.
Жолың болсын деп тілейміз, әрқашанда Жаратқаннан!

Сізге айтар ақ тілегім көп менде,
58 жас сыйлады бұл көктем де.
Тәубе етіп, дастарханды жаясыз,
Зейнеткерлік жасқа аман жеткенге.

Ауырмаңыз, таймай осы күйіңнен,
Ырысыңыз кетпесін тек үйіңнен.
Ағайын мен достарыңның жанында,
Жүре беріңіз сыйласымды сыйыңмен.

Бала менен немере ғой барыңыз,
Жамандықты жолатпасын жаныңыз.
Қиындықпен күресіңіз мойымай,
Болмаса да жаныңызда жарыңыз.

Айналаңның естиік біз мақтауын,
Сізді «кәріс» деп керек емес атаудың.
Іргетасын құлатпадың бүгінде,
Боранбай ата құрып кеткен отаудың.

Берекесі молынан боп ісінде,
Өмір жүгін ауыр көрмесін күшің де.
Жайнап жаздай сыйластықпен ғұмыр кеш,
Мендыбаев әулетінің ішінде.

Қыздарыңыз артыңызда жанған із,
Солар үшін тәубеңізді арнаңыз.
Аман болсын Надираң мен Индираң,
Болмаса да арамызда Жаннамыз.

Артық көріп ер жеткізген төреден,
Ақ орданды қуанышқа бөлеген.

Қызығына тойдырмаған өзінді,
Аман жүрсін қыздан көрген немерең.

Қазаққа тән әдет-ғұрып сақтасан,
«Мендыбаева Марта» деген текті алсаң.
Қайын жұртың аман болса өзінді,
Жалғызбын деп ойламаңыз ешқашан.

Бақыт орын алсын әркез төрінде,
Сызат түспей күзден күрең көңілге.
Аман жүріп, ауырмаңыз Марта апай
Амандық қой ең бастысы өмірде!!!

Атама құттықпау

Жастайынан тыңдап өсіп батанды,
«Ең сүйікті атам» өзі атанды.
Құттықтаймыз 60 жасқа толумен,
Керей рудан шыққан Досжан атамды.

Ардақ атты әжеміз бар жұбайы,
Атамыздың жан серігі ұдайы.
Біздің ата-тым еңбекқор, ақкөңіл,
Жарылқасын Жаратқаны, Құдайы.

Денсаулықты тілейміз біз еміне,
Алаңдаймыз біз әрқашан еміне.
3 балаңнан қызық көрші,
Ұрпағың
Пайда әкелер ері болсын еліне.

Қызыңыз бар кеңейтетін өрісті,
Айналаңыз жиенмен де толысты.

Зәулім биік, керегесі кең болсын,
Қоныстанған жаңа үйің-қонысты.

Жарты ғасыр- Алтын тойды тойлаңыз,
Тек жақсылық болады деп ойлаңыз.
Біздер өсіп ер жеткенше ақ атам
Сіз бізбенен болар деген ойдамыз.

Немерелер, шөберелер көбейсін,
Ұрпақпенен шаңырағыңыз кеңейсін.
Әрқашанда маңдайымыздан бір иіскеп,
Бізді бақыт жұлдызыңа теңейсің.

Тілегіміз айтылатын көп бізден,
Бақытты шақ уақыт сізбен өткізген.
Атам менің, алғысым көп өзіңе,
Мына мені еркелетіп жеткізген.

Қиял берсең, қанатымыз талмайды,
Жадымыздан ешбір сөзің қалмайды.
60 жасқа толған осы күнінде,
Ақ тілегін Айбібіңіз арнайды.

Білім бөліміндегі әріптестерге

Кездер-ай..
Сағындырады бұл күндері,
Уақыт зулап, жылжытты күнді ілгері.
Талай қызық өткізген Білім бөлімі,
Ақмолдаевнадан бастаған дүлдүлдері.
Сағынамын еркелікті, қаталдықты,
Кей кездері біреулерін қатар үкті.
Ал абырой, іскерлік, шеберлігін,
Осы ортада қашан да сақтар мықты.

Бекарыстың туған күнінде

Болмаған ғой туымтықта бөтен ой,
Дука-жездем, ал Гүлекең- көкем ғой,
Міне осындай отасының арысы
Бекарыстың туған күні екен ғой.

Өсе берсін қуаныштан жалықпай,
Көк аспанның кеңдігінде қалықтай.
Өссін батыр, ақын болып ер жетіп,
Күш атасы -Қажымұқан алыптай.

Әкесінің алсын шебер қолдарыш,
Анасының алсын сұлу талғамын.
Әпкесінің алып ақыл-ойларын,
Ағасының алсын асқақ арманын.

Бір басына жетерліктей бақ тамсын.
Болашақта үздік болып мақталсын.
Қартайғанда осы ұлдары дәстүрмен,
Кенже болып, кенжелігін атқарсын!

Анаға алғыс

Анашым, рахмет саған!
Мені аялап өсірдің де бақтың,
Бақыт отын мейілінше жақтың.
Сенің берген бағдарыңмен бүгін мен,
Өмір кілтін адассам да таптым.

Бүгіндері бағудасың ұлымды,
Соған ғана арнап күнің, түніңді.

Мен ұлымның жүрсем дағы жанында,
Іздейді ол сендік құшақ, үніңді.

Думан жездемнің 45 жасқа толған кешіндегі тілек

Ең жақсысын айтып бүгін сөздердің,
Жаны жайсаң жақсыларға кез келдім.
Жалғыз өзі он жақсыға тең келер,
Құтты болсы туған күні жездемнің.

Ауырмаңыз, жарқын болып жүзіңіз,
Жалғасын да таба берсін ізіңіз.
Отбасыңыз бақыт мекен болсын да,
Өне берсін ұлдарыңыз, қызыңыз.

Ақыл, қуат, күш те бойдан кетпесін,
Айналаңыз жақсылармен көктесін,
Жер-жаһанға ұрпағыңыз таратар,
Мәңгі болсын Думан деген текті есім.

Аман жүрсін әпкетайым-жарыңыз,
Жарыңызбен жадырасын жаныңыз.
Алла калап, еселеніп 45
Дәл бүгіндей сымбатты боп қалыңыз.

Осы менің бар сыйлығым аздаған,
Арта берсін ырысың мен өз бағаң,
Жолыңызды абыроймен жалғасын,
Ұлдарыңыз- Бекарыс пен Ханзадаң.

Бақ-дәулет пен берекеңіз көбейсін,
Байлығым деп балаларды теңейсің.

Әйгеріммен ай нұрыңыз жарық боп,
Қыз-ырысың, өрісіңіз кеңейсін.

Басыңызға бақыт құсы қонсын тек,
Босағаңыз молшылыққа толсын тек.
Бүгінгі күн қуанышта бұл шағын,
Тілерім сол, бар жақсылық болсын деп.

Дәл осылай мен тілекті арнайын,
Алғысымды осы өлеңмен жалғайын.
Ең бастысы жездем менен әпкемнің,
Аман болсын отбасысы әрдайым.

Жаратқанның нұр себелер бұл айы,
Алла мейірім сыйлап жүрсін ұдайы.
Жақыным деп тани білген сіздерге,
Толғанайдың тілегі бұл шынайы.

Гүлнұр жеңгеме

Туған күні жеңгеміздің дәл бүгін,
Тілейміз ғой жақсылықтың барлығын.
Аспан ашық, денсаулық боп бастысы,
Бола берсін амандықта мәнді күн.

Жайнай берсін бақыт мекен нұр бағың,
Жайнай берсін құшақта гүл қырда мың.
Аман есен әр жыл сайын тілейміз,
Көбейтіңіз ағамыздың ұрпағын.

Қазақ эстрадасына енді қадам басып келе жатқан жерлес әнші Бахтияр Ахановқа

Әніңменен сабыр қып талай сынға,
Әнді жанның бөлшегі санайсың да...
«Көкжөтелді» салғанда, еріксізден
Үлкен түгіл, жас жүрегін жаулайсың ба?!

Жоғалады әніңмен жанның мұңы,
Жарқырасын әрқашан Тәңір күні.
«Ақжайнағың» әуелеп ән көгінде
Билетсінші Бұғылы- Тағылыны.

Тілегіміз шын ниетпен көп біздің,
Жалғасысың асыл тұяқ, текті іздің.
Өзгеше бір жаңаша бір күйменен
Ескендірдің «Әдемі- ауын» жеткіздің.

Кез болмасын болашақты уайымдар.
Ана- Күнің, Әке деген Айың бар.
Бір сұлуға кезіктірі деп « томпиып».
Жеңешеге қолқа салған жайың бар.

Сендік жүрек сүйер бәлкім құлай тым...
Ән- көңілмен көрерменге сыр айттың..
«Сағындыммен» ғашық болған сан- талай
Ару қыздар жүректерін мұңайттың.

Мақтаныш бол, мақтана ел айтатын,
Біреу емес, бар халық көп айтатын.
Өмірқұлдай ағаның жалғасы бол.
Ахан тегі Бахтияр ғой деп айтатын...

Көгерерсің, халықтан нұр- алғыспен,
Ел баласы жақсылық қылар іспен.
Біз әрқашан Ақжалдың елі- жері,
Күтеміз сені тағы қуанышпен!!!

25 жасқа толған күнімде

Бақытым бар жетерліктей басымда,
Өмір деген қилы келер расында.
Есейемін қашан деп мен жүргенде,
25-ке келіп қапты жасым да.

Еркелеймін әлі күнге анашыма,
Бәлкім сәби кез бен жастық арасы ма?
25-те тірлікте ендігі бұл,
Ана болғам тәп -тәтті баласына.

25-те балалық бәрі қалар,
25-те ересек ақыл салар.
Уақыт көші өтсе де тоқтамастан,
25-тің қызығы есте қалар.

Артта енді бос жүріс, той бағатын
Алда енді кезеңдер ой бағатын.
Бәрінің де басында 25 бар,
Келді кезім менің де ойланатын...

Анашым- бағыма келгенім

Мама!
Жаны асылым бір өзің жанымдағы,
Сен дарытқан қасиет қанымдағы.

Мөлдірдейін таза пәк көрінетін,
«Бір белгімсің» кір шалмас арымдағы.

Пейілі де , ниеті де кең пенде,
Не ойладың, әкешіме ергенде,
«Тәте, маған мама болшы» деппін мен,
Сен алғаш рет үйімізге келгенде.

Сол уақытта 4-ке ғана толыппын,
Бағымызға әкемменен жолықтың.
Аллаға аян, жанашырды өзіңдей,
Таба алмаспын іздесем де, соны ұқтым.

Құшақтаппын, мойыныңа асылып,
Мерейімді жүрсің әлі асырып.
Көңіліңе қаяу салсам, жүруші ең,
Қимастықтың суық жасын жасырып.

Анаға тән жылулық мол көзінде,
Тағылым мен мейірім көп сөзінде.
Өмірдің сан сынынан өте алған,
Қайран қалам сендік қуат төзімге...

20 жылда не өтпеді арадан,
Теңдесі жоқ бір мен үшін
Ол-анам!
Мені бағып өсірген.
Бар жиғанын аямаған баладан.
Өміріме бағытты берген бастап,
Ана деген атын мен затын асқақ.
Жүрегіңнен қалайша орын бердің,
Кей аналар баласын кенкен тастап.

Мені өмірге әлі де демейсің көп,

Қуанышқа біздерді бөлейсің тек.
Мен де, өзге, басқасы, ешқайсысы,
Сені айтпасын «бөтен» деп, өгейсің деп.

Алламыздың сыйы өзіңсің, білерім,
Саулық берсін өн бойыңа тілерім.
Кім ойлаған менен туған баланың,
Құшағында сенің ойнап жүрерін.
Көрсетесің әрқашан іспен үлгі,
Ұғынарсың жаным мен іштегі үнді.
Кешір Ана!
Кешір мені жанашырым,
Шалалықпен жасаған істерімді.

Туған күніңмен, құрбым!

(құрбым Гүлмира Рахыжанқызының туған күнінде
жазылған тілек)

Жағалассын ғұмырың бір ғасырмен,
Жанымда жүр,ғазиз болған басыңмен.
Құттықтаймын , құрбым сені ниетпен,
Бүгінгі күн қосқан жаңа жасыңмен!

Өмір деген болса- дағы сынақты,
Ғұмыр болсын өз жолымен тұрақты.
Лайлап алма ешқашанда, «адасып»,
Тағдыр деген сылдыры әсем бұлақты.

Анашыңның ғұмыры болсын ұзақ,
Жаныңа да жарассын әсем қыз ат.
Алла қалап бағы жолығып жан
Кетсең дағы достықтан қалма ұзап.

Ал Гүлеке, орындалсын арманың,
Ешбір жағдай салмасыншы жанға мұң.
Бір Алладан тілерім тек амандық,
Жаратқаным реттеп берер қалғанын.

Ақкөңілің , ашық жарқын мінезің,
Әрқашанда қолың созып жүресің.
Ақылың да айтып тұрар кеңесің,
Шын ниетпен серік болар бір өзің.

Бұл өмірде артығы жоқ баладан,
Бақыт табу- сен де, мен де қалаған.
Сыйластықтың бағасы артып әлі де,
Достығымыз үзілмесін арадан.

Тек жақсылық менің саған тілерім,
Сен де маған соны тілейсің, білемін.
Арамызды бөлсе егер қашықтық,
Амандығыңды тілеп әркез жүремін.

Жүзінде тұр жақсылардан екенің,
Жүзігін тақ адал,ұзақ некенің....
Арман деген орындалып ойдағы,
Салтанатын құрсын бақыт мекенің....

Туған күніңмен, Әйгерім! (Әйгерім Бегалықызына тілек)

Сайланыпты бір өзіңнің Ай-төрің,
Бұйырыпты маңдайыңа сай серің,
25 жас келіп қапты, ендеше,
Құтты болсын туған күнің , Әйгерім!

Ата-ананның көз қуаныш, нұрысың,
Шаң ілеспес және бар ғой жүрісің.
Күлімсіреп жадыраған жүзі бар,
Ортамыздың қызғалдақтай гүлісің.

Еңбекқорсың, шаршасаң да тынбайтын.
Анау-мынау сөзге оңай «сынбайтын»
Өзіңе тән ақылың да бар көркем
Үлкендердің айтқан сөзін тыңдайтын.

Ашық болсын күнің кетпес аспаның,
Ұмытпағын, біздей жақын дос барын.
Сені осылай аялатып өсірген,
Аман болсын әкетайың- асқарың.

Саған әркез бағыт берер, жанашыр,
Сол бір жанға сен мәңгіге баласың.
Шын ниетпен тілекшіміз, алтыным,
Тез сауығып кетсін асыл Анашың.

Барлық жайтқа қара сабыр төзіммен,
Күн шуақтың ізі кетпей көзіңнен.
Сен қай жерде , қай уақытта болсаң да,
Біз әрқашан мақтанайық өзіңмен.

Болсаң-дағы бізден қанша жас кіші.
Алтынымен бағаланар тас түсі.
Қандай жанға өмірлік жар болсаң да
Сені аялап, әлпештесін бастысы.

Шегі болмай жақын берер сый-құттың,
Бәріміздей, сен де әрине сый күттің.
Айыптымын, кешірсен бір жолға,
Ерте-кеші жоқ құттықтау, сыйлықтың.

Бұйырса енді, ұзатуға да келемін,
Ақ тілекпен батаны да беремін))))
Ұмытпа еш, Әйгерім қыз, шын ниетпен
Еркем сол деп сені жақсы көремін!!!

Ақ тілек

*Жақын құрбым Әйгерімнің киелі Тараз қаласына
ұзатылғанда жазылған тілек*

Жанашыры ата ананың-ізі- қыз,
Қимастықпен түрленеді жүзіміз.
Айдынынан ұзап барад аққудай
Арай атты үлбіреген қызымыз.

Жолыңа ақ тілейміз қарлығашым,
Жанымызға жақсы үміт қалдырасың,
Ата-әже боп жиенге қуанатын,
Ата-ананың тілегін жандырасың.

Ұшырамыз кимастан қолымыздан,
Жақсылықтың барын қиып жолымыздан.
Өздеріңнен тараған ұрпағымыз,
Әже-аталап жүгірсін соңымыздан.

Қуанта біл барған жердің қауымын,
Соларменен өтсін ғұмыр-сауығың.
Жылына бір келіп қуант сен өскен,
Киелі өлке Аюлы-Ақсу ауылын.

Әкешіңнің жүрегі әсте, қимайды,
Қолыңдағы барын саған сыйлайды.
Анашыңның қобалжыған жүзі мен

Жанарына қимас жасы сыймайды.

Жұбыңменен көргін ғұмыр -арнасын,
Өкініш пен реніш ойда қалмасын.
Бүгінгі осы жиналған жұрт сендерге
Ақ тілегін шын жүрекпен арнасын.

Әйкерімім, адал болсын жүрегің,
Жарың болсын өмірлік жан тірегің,
Қабыл алғын, ұзатылған жолыңа,
Толғанайдай құрбыңның ақ тілегін...

**60 жас мерейтойыңызбен!
(Нағашым Ақтоғай ауданының беделді азаматы
Маман Ибраһымұлына тілек)**

Жақсылықпен өткен ғұмыр, бір күні,
Айналаға, барша адамға үлгілі.
Маман атты нағашы Ұлы Құдай қалап,
60 жасқа толып жатыр бұл күні.

Асқар таудай биік шың да, мұнарсыз.
Зәулімдерден асқан қыран, ұларсыз.
Еңбегіңіз ел төріне шығарып,
Марапаттың биігінде тұрарсыз.

Сыйластықтың арқасында бәрі- құт.
Бойымызға ізгілікті дарытып.
Тым мазасыз болсаңыз да жүресіз
Біздерге әркез қамқорлықты танытып.

Өмір деген лезде өтеді зуылдап,
Немерелер жүрсін әркез шуылдап.

Аллақалап ұзақ ғұмыр жасаңыз.
Бұл өмірге келудің де өзі бақ.

Талай мәрте жеңіс сізге бағынып,
Ақталған-ды, іскерлікпен ақ үміт.
Сіз қорғаған, ақтап шыққан жандардан
Жүресіз ғой алғыс, рахмет тағынып.

Жақсылармен өткен талай жылдарыңыз,
Бойыңызда бар ерек құнды арыңыз.
Биіктерге шығарсын есіміңізді,
Аян менен Әлихан ұлдарыңыз.

Лайланбасын өмір атты тұнығыңыз,
Ақтоғайым - туған жер, тұғырыңыз...
Жаныңызға серік қып Алла қосқан,
Кенже тәтемен бір өтсін ғұмырыңыз.

Ауырмаңыз аман жүріп қасымызда,
Ғасыр жасап, жас қосылсын жасыңызға.
Амандықты тілейміз шын ниетпен,
Бармақтайын бағы бар басыңызға.

40 серкешсіз, нағашы деген болмайды,
Мұны барлық жиендерің қолдайды.
Ақ тілектті туған күнде бүгінгі
Отбасысы Айтболаттың жолдайды.

Әуенменен музыканы бағандаған...

Роза Бигалиқызына!

Ән ,әуен мен музыканы бағандаған ,
Санасына сіңірген балаң, далаң,
Мектебінің дiңгегі алтын тірегі де,
Ұстаздарсыз шәкірт - ой қаланбаған.

Жетеледің бізді әуен әеміне,
Ән мен жырдан құрадың жан еміңе,
Зейнеткерлік жасында болсаңызда,
Әннен шуақ шашасыз әлі еліңе,

Нотаға да үйретіп көзімізді,
Жаттап өстік әуелеген сөзіңізді,
Жадымызда қалатын қашандағы,
Құрметтейміз, Роза апай өзіңізді.

Жүрегіңіз көп жырлардың тұрағы,
Мөлдiрдейiн саздарыңның бұлағы,
Мұқалтпасын ешқашан жаныңызды,
Өмірдің сан өткелдері, сынағы.

Себелейді сазды әуенің жыр жанға,
Еңбегіңіз таныс елге, бұл маңға.
Ұстаздық пен өнеріңіз мәңгі жасар,
Дәл осындай тыңдарманың тұрғанда.

Бақыттан шалқып, тасып көсіліңіз,
Шартарапқа жете берсін осы үніңіз,
Еңбек жолын жалғаңыз әрі қарай,
Шәкірттерді көптеген өсіріңіз.

Болмайды еш өнер деген отты үзуге,
Жалғасы табылады шокты ізіңе,
Роза апай, ел куә, лайықтысыз-
Республика сарайында кеш өткізуге!

Әкеге тілек

Шаңырақтың тірегі, аскары да.
Ұзақ ғұмыр бұйырсын бас, бағыңа
Туған күнмен құттықтап, тілеріміз
Бұлт түспесін ашық күн, аспаныңа.

Құтты болсын туған күнің әкешім,
Ақ еңбегің перзентіңмен өтелсін.
Аман есен ортамызда жүре бер.
Алла қалап қарттыққа да жетесің.

Жақсылығың жанға жасар еленер.
Қелер кезің қуанышқа бөленер.
Ғұмырыңның сыйға тартар бар жақсысын,
Ізінді басқан балаларыңнан көре бер!

Тілейміз біз жақсылықтың барлығын,
Ақ тілектер қабыл болсын бар бүгін,
Балапанымның атасы боп жүре бер
Ең бастысы амандығың, саулығың!

Туған күніңізбен!

Ауданның білім бөлімінің басшысы Елдос Жарылғапұлына

Туған күннің ерекшесі, бөлегі,
Жылына ол бір-ақ мәрте келеді.
Ер-азамат жасына жас қосылды-
Бүгінгі осы қуаныштың себебі.

Құтты болсын қосылған бұл жасыңыз,
Кедергі көп асудан да асыңыз.
Амандықтан артығы жоқ өмірде,
Аман болсын ерге лайық басыңыз.

Шегі болмай бұйырған бар бақ-құттың,
Орын болсын ең шыңында бақыттың.
Жаз-көңілдей жадыраңыз, жайнаңыз.
Отбасы мен ортасында шаттықтың.

Берекелі болып әрбір ісіңіз,
Мекке барып, Зәм-зәм суын ішіңіз.
Қанша жаспен толықса да жасыңыз,
Таусылмасын қайрат, жігер, күшіңіз.

Біреуге-іні, ал біреуге- ағасыз,
Ағайыннан алғыс-алқа тағасыз.
Қуанышпен жүздесіңіз әрдайым,
Себебі өмір-бақыт өлшем, бағасыз.

Арамыздан кетпесін «сіз», «бізіміз»,
Жарқын болсын ашық күндей жүзіңіз.
Жер-жаһанға есіміңізді танытар,
Жалғассыншы ұрпағыңыз-ізіңіз.

Сыйласқанға адал болған достайсыз,
Қосқанатын жайған еркін құстайсыз.
Қанша қатал болсаңыз да, әр істе
Жақсылықты жасауменен ұштайсыз.

Орындалсын ойға алған әр арман,
Шапағатын сыйлай берсін таң алдан.
Елдос атты есімге лайық жансыз.
Елдің досы болу үшін жаралған.

Еңбегіңіз елің үшін сіңеді,
Әр сөзіңіз жадымызда жүреді.
Бүгінгі осы қуанышта бұл өлең
Толғанайдың шынайы бір тілегі.

Әуенге тізілген өлеңдер

Жастар әні

Арманшыл, тілекті
Жаңашыл, білекті,
Біз жастар біргеміз,
Намысшыл, жүректі.

Алатау, асқармыз,
Достыққа бастармыз.
Ертеңің елімнің,
Жасайтын жастармыз.

Қайырмасы:
Қуаныш, шаттықта,
Жастық бар уақытта.
Жетерміз біз талай,
Жеңіс пен бақытқа.

Шындарға шығармыз,
Шырқалар жыр-әнбіз.
Додаңда жүлдегер,
Өнерде қыранбыз.

2. Аңсары азат күн,
Бастауы ғажаптың.
Көтерер жастармыз.
Байрағын қазақтың.

Еліме бақ дары,
Қолдасын жан бәрі.
Жасампаз жастармыз,
Болашақ бағдары.



Шет ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған
мұшайрада ел ағалары, ақындармен



Шет ауданының жастарымен бірге іскерлік мақсаттағы
бас қосуда



Асқар тау- әкешім, Аяулы-анашым мен балапаным -
Нұрмұхаммед



Айтыскер ағалармен



Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыру»
сыйлығының марапаттауында



Аудандық жыр мүшайрасының марапаттау сәтінде

Қайырмасы:

Қуаныш, шаттықта,
Жастық бар уақытта.
Жетерміз біз талай,
Жеңіс пен бақытқа.

Шыңдарға шығармыз,
Шырқалар жыр-әнбіз.
Додаңда жүлдегер,
Өнерде қыранбыз.

Сұлу қыз

Күлімдеген көз алдымда жүзіңді,
Еріттің сен жүректегі мұзымды.
Тал шыбықтай келбетіңнің нұры бар,
Сүйемін мен толған айдай қызымды.

Қайырмасы:

Көздерімнің қарасындай,
Көңілімнің сарасындай,
Сұлу қыз, жүріңіз.
Назданасың, сөзің балдай,
Көп қараймын көзімді алмай,
Сұлу қыз, күліңіз.

Армандаған аруымсың ойдағы
Сезімдерім мені еркіме қоймады.
Періштеден аумай қалған көркіңіз
Мені еріксіз жіпсіз сізге байлады.

Қайырмасы:

Көздерімнің қарасындай,
Көңілімнің сарасындай,
Сұлу қыз, жүріңіз.
Назданасың, сөзің балдай.
Көп қараймын көзімді алмай,
Сұлу қыз, күліңіз

Белгісіндей инабаттың ұялым,
Сізді армандап, бейнелейді қиялым.
Махаббатым, бота көзді сұлуым,
Қалай сізді мен өзгеге қиямын.

Қайырмасы:

Көздерімнің қарасындай,
Көңілімнің сарасындай,
Сұлу қыз, жүріңіз.
Назданасың, сөзің балдай,
Көп қараймын көзімді алмай,
Сұлу қыз, күліңіз

Қимасым

Ғажайып бейнеңмен түн мейлі
Арбайды, жатамын көз ілмей
Сені ешкім дәл мендей білмейді
Мені ешкім ұғынбай өзіңдей

Қиялдың ермегі- жүрегім
Ойымды арбаған бал сезім
Мен сонда қалаған тілегім
Бағыма ие боп қалшы өзің

Жанымнан табылшы қимасым,
Бойымда шаттық көп күй басым.
Тәңірден берілген ғұмырды
Тағдырым өзіңе сыйласын

Жаным бол, теңеген таң нұрым,
Сейілген өзіңмен бар мұңым.
Кездесу бұйырған бағыма
Қоштасу көрмесін тағдырым

Өзің бар күн-ғұмыр, ай-ғалам
Әлемді сыйлады әдемі
Махаббат сезімге байлаған
Мен жазған,
Сен салған ән еді

Жүректе мәңгілік мекенің
Баянды бағыма теңейін
Бақыттың керемет екенін
Өзіңмен
Өзіңмен ғана көрейін

Асыл ана

Әлпештеген баласын,
Ақылшымсың, данасың
Мен өзіңді мақтан етем, анашым.
Күн шуағы тараған,
Бақытыңа балаған,
Мен өзіңді жырлап өтем жан анам.

Қайырмасы

Өмірімнің мәні сенсің
Көңілімнің әні сенсің ,ана.
Ән -жырымның мәні сенсің,
Жүрегімнің жаны сенсің, ана.
Әндетерім, әуенімсің
Ай нұрындай әдемімсің, Ана.
Жәннатымдай жарқыраған
Бар дертімнің жан емісің, Ана

2)Нұрға бөлер жан жағын,
Асыл анам, ардағым,
Осы әнімді мен өзіңе арнадым.
Мейірім мол жүрегің,
Бәйтерегім, тірегім,
Сен аман бол, осы менің тілегім.

Қайырмасы

Өмірімнің мәні сенсің
Көңілімнің әні сенсің ,ана.
Ән -жырымның мәні сенсің,
Жүрегімнің жаны сенсің, ана

Әндетерім, әуенімсің
Ай нұрындай әдемімсің, Ана.
Жәннатымдай жарқыраған
Бар дертімнің жан емісің, Ана

Мазмұны:

- 1 .Алғы сөз..... 4-6 бет
2. Тағдырымнан тарту болған өлеңім..... 7-65 бет
3. Жапырақ жүрек жырлары..... 66-110 бет
4. Жаксы тілек мен айтайын, адамзат..... 111-145 бет
5. Әуенге тізілген өлеңдер..... 146-150 бет

Басуға 15.04.2019 ж қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Офсеттік қағаз.
Баспа табағы 8,83
Шығыңқы басылыс.
Таралымы 160 дана. Тапсырыс № 18703

Дайын электрондық тасымалдаушыдан
«Tengri Ltd» баспаханасында басып шығарылды
Қарағанды қаласы, Б.Жырау данғылы, 84 үй.
тел. 8(7212) 43-19-54, 99-00-88
Моб.: 8(702) 222 30 22, 8(700) 222 30 22
e-vail tootengri@mail.ru



Толғанай Айтболатқызы

1991 жылы 5 маусымда Қарағанды облысы Шет ауданы Ақжал кентінде дүниеге келген. Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы орта мектепті бітірген. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің филология факультетін тәмамдаған. Бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде қызмет атқарады. Жастайынан өлеңге құмар боп, 13 жасынан бастап шығармашылықпен айналысуда. Ең алғашқы облыстық «Абай оқулары» байқауында II орын жеңімпазы атанды. Аудандық, облыстық мүшайралардың жүлдегері.

